

ЗАН

№4 | 2024



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ЮРИДИЧЕСКИЙ НАУЧНО-
ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ZANMEDIA.KZ

**БАҚЫТЫН
ЕҢБЕКТЕН
ТАШҚАН
АНА**



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№4 | 2024

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АХПАНОВ А.,

д.ю.н., профессор

АЙТХОЖИН К.К.,

д.ю.н., профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е.,

з.ғ.д., профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.

профессор (Қырғызстан)

МАУЛЕНОВ К.,

д.ю.н., профессор

СӘБІКЕНОВ С.,

з.ғ.д., профессор

ДОСАЛИЕВ Қ.

з.ғ.д., профессор

ШУМИЛОВ В.,

д.ю.н., профессор,

заведующий кафедрой
Всероссийской Академии
внешней торговли

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Бақытын еңбектен тапқан ана Т. ИБАШЕВА	3
Жестокий век в нашей истории С. ИССА	10
Ғылым шырағын жарқыратқан қарашаңырақ С. ТЫНЫБЕКОВ, О. П. ЛОЖНИКОВА	14
О некоторых проблемах судебной системы Казахстана С. СӘКЕНҰЛЫ	20
Жер учаскесін мемлекетке қайтарып алу мәселелері Қ. САПАР	23
Баланы бағу ата-ананың басты міндеті Ш. РАБАЕВА	25
Бала тәрбиесіне бей-жай қарамайық Г. НУКАЕВА	27
Сфера архитектуры и градостроительства И. ДЕМИДОВА	29
Алаяқтық артып барады Ә. ӘБДІХАЕВ	31
Есірткі сатушылар қатаң жазаланады А. ЗИАДА	33
Доказательство считается достоверным А. АБДУЛЛИНА	35
В виде денежного взыскания М. ЖАМАЛИЕВА	37
Медиация — татулық бастауы Ү. АБЛАЕВА	39
Әлемге мәшһүр университет А. УРИСБАЕВА	40
Судья қателігі нақты көрсетілуі керек Е. ОСПАНОВ	42

БАҚЫТЫН ЕҢБЕКТЕН ТАПҚАН АНА

«Біз еңбек адамының мәртебесін көтеруге баса мән береміз. Бұл қадам қоғамда еңбек культін орнықтыруға жол ашады».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Халқымыздың біртуар ұлы Жақсылық Үшкемпіров «Елімізде көп болса бес мыңнан аса ауыл бар. Ең болмаса қазақтың бес мың жігіті сол ауылын көркейтсе, одан асқан қандай бақыт керек?» деп армандаған екен кезінде. Өйткені, ауыл – қазақтың түп қазығы. Ал мемлекетіміздің болашағы түп қазыққа тікелей байланысты.

Әңгімемізді ауылдан бастап отырғанымыз, әлем чемпионы айтып отырған азаматтар қатарында ауыл көсегесін көгертуге, ондағы жұртшылықтың әл-ауқатын жақсартуға білек сыбана кіріскен бұрымдылар да болды. Олар мадақ-марапат дәметпеді, елдің алғысын ең үлкен атақ санады. Осы ретте Алматы қаласы тері-венерологиялық диспансері кадр бөлімінің басшысы Майра Керімбекованың есімін айрықша атауға болады.

Майра Сүйгенбайқызының мамандығы педагог емес, бірақ, айналасындағы адамдардың басым көпшілігі оны өздерінің өмірлік ұстазы санайды. Содан болар өмір жолында кездескендердің барлығына ерекше ықыласпен қарап, шапағатын тигізуден жалықпайтын Керімбекова көз алдыға мәуелі саябақты баптап жүрген бағбанды елестетеді. Талай қаракөздің талабын шыңдады. Майра апайдың дұрыс бағыт беруімен қаншама жалынды жас білікті кадр болып қалыптасты. Қаншама замандасының жоғары



білім алуына жағдай жасап, жақсы жұмысқа тұруына, өмірден өз орындарын табуына өлшеусіз үлес қосып келеді. Оның әрбір ісінен, тіпті, жүріс-тұрысынан өнеге алып, биік деңгейге көтерілгендер аз емес. Бүгінде Сүйгенбайқызы қолдаған жастар медицина, қаржы, ауыл шаруашылығы, т.б. салаларда абыройлы қызмет атқаруда.

Өткеніне көз салсақ, небәрі 24 жасында Алматы облысының Талғар ауданына қарасты «Горный Садовод», қазіргі «Бесқайнар» ауылының тізгінін ұстады. Осылайша оның

ЛЕГІЗ

Ханзира МУЛХАЙДАРҚЫЗЫ,
зейнеткер:

«БАРЛЫҚ ІСКЕ ЖАН БІТІРЕДІ»

Майра бізге келгенде өте жас болды. Ата-анасы сондай бір керемет кісілер еді. Балаларын өте жақсы тәрбиелеген. Майраның сөйлеген сөзі, өзін ұстау мәнері, бет-келбеті текті ата-анадан тәрбие алғанын білдіріп тұрады. Бауырларының бәрі оқыған, жоғары білімді, парасатты. Жолдасы Ерсерік марқұм да жігіттің төресі еді.

Ол тұста мен 40-та, қалған қыздар жас болды. Майраның ұйытқы болуымен бес қыз халықтың көңілінен шығуға бар күш-жігерімізді салдық. Барлық істің басы-қасында дамыл таппай өзі жүрді, еңбегіне қарай ауыл қарттарының батасын, ризашылығын алды. Ауылдан көшіп жатқанында ата-апаларымыз «Майра кетіп барады», деп қынжылып қалды.

Мені Майраның қолына тиген дүниеге жан бітіріп, әрбір ісін тыңғылықты атқаратыны, қай кезде де, жайдарлы мінезімен адам жанын баурап алатыны сүйсінтеді. Оның ауыз толтырып айтарлық істері көп. Бүгінде өмірдің алтыншы белесіне өтті. Қазір мен 80-нен астым, білгенге алпыс нағыз кемел жас екен. Кемелдік биігіне шыққан Майраға көрер қызығың, халқыңа берер берекетің таусылмасын дегім келеді.

ауыл әкімдігінде хатшылықтан басталған еңбек жолы аудандық мәслихатта депутат, ауыл әкімнің орынбасары, одан кейін әкім болып жалғасты.

Ел ісіне ерлермен бірдей белсене атсалысқан Майра Сүйгенбайқызы жас та болса, бас болып ауылды қиын-қыстау кезеңнен жүдетпей алып шықты. Мұны қариялардың «қандай қиын заман болса да, Майраның кезінде тапшылық көрмедік» деуі аңғартады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, аума-лы-төкпелі шақта совхоздың бас дәрігері,

мектеп директоры, дүкен меңгерушісі орынбасарларын қосқанда бес келіншектің жұдырықтай жұмылып, жұртшылықтың жайлы тірлігі үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей жұмыс істегені әлі күнге дейін ел аузында.

Бұл тұрғыда Майра апайдың өзі: «Шолпан Көкенқызы иттерді шулатып жүріп ауылды жаяу аралайтын, түннің қай мезгілі болса да науқасты үйіне барып емдейтін. Бізде «жағдайыңды келіп өзің айт» дейтін принцип болмады, керісінше, өзіміз тыным таппай тұрғындардың жай-күйімен танысып, барлық мәселеде қолымыздан келгенінше көмектесуге тырыстық. Ұны жоққа ұн, шәйі жоққа шәй тауып бердік. Бұл ретте ауыл дүкенінің меңгерушісі Ханзира апамыздың жақсылығын ерекше атағым келеді. Жоқ-жітік заманда тұрғындарға азық-түлік беріп, көп қарасты. Тіпті, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды қажетті заттармен ақысыз қамтамасыз етті. Ауылдың анасы атанған Ханзира апамыз біздің ақылшымыз болды. Сол бес қыздың алды бүгінде 80-нен асты» деді.

Француздар «Әйелдер бәрін жасай алады, ал ерлер қалағанын ғана жасайды» дегенді бекер айтпаса керек. Шындаса әйелдің қолынан келмейтіні жоқтығын, яғни, кез келген істі игеріп кете алатынын Майра Сүйгенбайқызы сынды халқымыздың аяулы қыздары мен аналары дәлелдеп жүр.

Әкімдіктен абыроймен кеттім

Кеңес тұсында Горный Садовод табиғаты керемет әйгілі совхоз болды, жеміс-жидек, көкөніспен Мәскеуді қамтамасыз ететін. 1990 жылы совхозда тұңғыш қазақ мектебін ашқан да осы бес ару. Негізінен Бесқайнар атауы ауылдағы бес бұлаққа байланысты қойылған, десек те, оның тағы бір тарихы тұрғындар мүддесін өз мүдделерінен жоғары қоя білген бес қыздың еңбегімен де байланыстырылады.

Тағы да тарихтан сыр шертсек, облыс аумағындағы 14 ауылдың әкімін Заманбек Нұрқаділов арнайы шақырып, солардың ішіндегі жалғыз әйел заты Майра Керімбековаға ақ батасын беріп «нива» көлігін



тапсырады. Заманбек Қалабайұлының батасы қанаттандырды ма, бұрын рульге отырып көрмесе де Майра машинаны бірден өзі жүргізіп кетеді. Ауыл халқына 20 жыл қызмет жасап, ел алғысына бөленген әкім, отбасылық жағдайымен Алматыға көшіп келеді.

Алғашында Темір жол ауруханасының шаруашылық бөліміне орналасты. Одан соң қаладағы балалар ауруханасы, «Жан» клиникасы, т.б. медициналық мекемелерде еңбек етті. Қай жерге барса да жұмысты жандандырып, тың идеяларымен емхана-

ЛЕБІЗ

Сәния ДЕМЕУКУЛОВА, кәсіпкер:

«БЕСҚАЙНАРДЫҢ БЕСАСПАП ҚИЗЫ»

Біз Бесқайнарға 1987 жылы көшіп келдік. Майра жұмыс десе жанын беретін қыздардың бірі. Әрқашанда ол өзінің жеке бас жағдайынан, жұрттың жағдайын жоғары қойды. Бесқайнардың көркеюі жолында аянбады. Халыққа шын ниетімен қызмет етті. Бір ғана мысалы, бұрын мекемеге газет-журналға жазылу міндет болатын. Майра поштаға барып өз қаржысына жазылып, түбіртегін әкеліп беретін. Қандай жұмысқа қолы тисе де жандандырып жібереді.

Сондай-ақ, ол Наурыз секілді ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын мерекелерді мықты ұйымдастырады. Мемлекет тарапынан қаржы бөлінбесе де, кәсіпкерлер тауып, өз қаржысын қосып, ауыл халқына талай мәрте мерекелік көңіл-күй сыйлады. Өйткені, ол елдің қуанышын өзінің қуанышы санайды. Жолдасы да өзіміздің ауылда бас инженер болып еңбек етті. Өнегелі жанұя, Ерсерік екеуі үш баласына тағылымды тәрбие бере білді.

Бесқайнар ауылын керемет көтерді, халық алдында сыйын жоғалтпады. Қашан келсе де бесқайнарлықтар ерекше құрметпен қарсы алады. Ауылда бір жағдай орын алса, қандай да бір кеңес керек болса алдымен Майраға хабарласамыз. Немқұрайдылық танытпайды, міндетті түрде мәселеміз шешілгенше бірге жүреді.

Аулы жар, асыл ана, іскер басы ретінде жұрттың құрметіне бөленді. Мақтан тұтар қызымыз керемет жасқа толып отыр. Ойлаған істерін абыроймен іске асыруына тілектеспін. Отбасына, өзіне тек қана жақсылық тілеймін.

ЛЕГІЗ

Хабиба ТӘЖІБАЙҚЫЗЫ, Алматы қалалық №36 емхана Бас дәрігерінің емдеу ісі бойынша орынбасары:

«ӨТЕ МЫҚТЫ ӘЙЕЛ»

Майра Сүйгенбайқызында бір адамның бойында кездесе бермейтін жақсы қасиеттің бәрі бар. Біріншіден, үлкен адамгершілік иесі, жаспен де, кәрімен де тіл табысып жақсы қарым-қатынаста бола білетін, шыдамды, сабырлы, білімді жан. «Жақсымен сөйлессең көңілің ашылады» демекші, бұл кісімен әңгімелесудің өзі бір ганибет. Рухани тұрғыда байып қаласыз. Барлық тақырыпта әңгімең жарасады. Өз басым Майра Сүйгенбайқызын әдеміліктің эталоны әрі өмірлік ұстазым санаймын. Қандай жетістікке жетсем де көмегі зор болды. Әрқашанда қолдады. Жеті жылдай болды танығаным, үнемі күліп, жарқын көңіл-күйде жүреді. Адамның жетістігіне немесе қызметіне қарап араласпайды. Керісінше, қарапайым мамандардың көтерілуіне мотивация береді.

Майра Сүйгенбайқызы жеке басының эмоциялық жағдайын сыртқа білдірмейді. Өте мықты әйел. Жеңіс Ысқақова орындайтын «Мықты әйел» әні осы кісіге арналғандай. Ұжыммен қалай тіл табысу, қиянатқа бармау керектігі, т.б. жұмысқа қатысты мәселелер туралы жастарды сөзбен емес, ісімен тәрбиелейді. Сондықтан, айтар алғысым шексіз.

Шешімі қиын сұрақтар пайда болғанда алдымен осы кісіге хабарласамыз. Екіншіден, құрбымдай көремін. Кез келген мәселеде ойымды ашық білдіре аламын. Ешқашан артқа тартпайды, тек алға жетелейді. Бала-шағасының ортасында рахат тірлік кешіп, жүз жасасын. Бізге жасаған жақсылығы ұрпағының алдынан шығуын тілеймін.

ны жоғары деңгейге көтергенін, сондай-ақ, ұжымға қамқорлығы мен тиянақтылығын, іскерлігін әріптестері, өзі демеген ізбасарлары жарыса әрі құрметпен айтады.

Майра Керімбекова қызметтен кетсе де ауылдан қол үзген жоқ. Қалтасына қаржы біткен кәсіпкерлер жаппай дәмхана-мейрамхана ашып жатқан тұста інісі Серік екеуі Бесқайнардан мешіт салдырды. Мешіттің тұсауын еліміздің сол кездегі бас мүфтиі Рәтбек қажы кесіп, ақын Серік Қалиев жырдан шашу шашады. Серік Керімбеков мешіттің имамын өз қаржысымен бес жыл Меккеде оқытып, үй салып берді. Бұл күнде С.Керімбеков те, С.Қалиев те өмірден озған.

Балаларым – бақытым

Туған жерім Күрті ауданы, ата-анам қарапайым жұмыскерлер. Мектепті Алматыда оқыдым. Қыздар педагогикалық университетінің менеджмент-экономика факультетін бітірдім. 18 жасымда тұрмыс құрдым. Аллаға шүкір, текті отбасына түстім. Ата-енем өте алтын кісілер болды. Біздің босағамыз-

дың берік болуы ата-енемнің арқасы. Құдай қосқан қосағым Ерсерік Рамазанұлымен 35 жыл тату-тәтті тірлік кештім, екі қыз бір ұл тәрбиеледік, ұлым ұяға, қыздарым қияға қонды. Он шақты немерем бар. Тағдырдың жазуымен жолдасым он жыл бұрын өмірден өтті, өте адал, адам еді. Еңбекті қорғау департаментінде бас инспектор болды. Темірден түйін түйетін. Әрбір ер-азамат жарын түсініп, қолдаса әйелге қызмет пен отбасын қатар алып жүру жеңілірек болады. Бұл жағынан бағым жанған әйелмін.

Жолдасым мен елуге толарда науқастанып қалды. Соған қарамай, мерей тойымды жасап, үлкен үйге кіргізіп кетті. Өмірінің соңғы сәтіне дейін бізді ойлады. Ерсерік екеуміз еңбекпен өсіп-өндік. Тапқан-таянғанымызды түгелдей балалардың біліміне жұмсап, оларды аз ұйықтап, көп жұмыс істеу, елге адал қызмет қылу ұстанымында тәрбиеледік. Құдайға шүкір сенімімізді ақтады. Қазіргі күні солардың жемісін жеп отырған бақытты анамын. Өкініштісі, жолдасым бұл күнді көре алмай кетті» деген Майра



ЛЕБІЗ

Назгүл ӘЛДИБЕКҚЫЗЫ, Алматы қаласы тері-венерологиялық диспансердің емдеу ісі бойынша директорының орынбасары:

«БІЗДІҢ ЖАНАШЫР ДОСЫМЫЗ»

Майра Сүйгенбайқызы үлгі тұтатын тұлға. Біздің жұмыстағы анамыз, жанашыр досымыз, жүрегі кең, нағыз жақсы адам. Біреу жыласа сонымен бірге жылайды, қуанса бірге қуанады. Бұл кісіден үйренгеніміз де, үйренетініміз де жетерлік. Өмірден көргені мен түйгені мол Майра апайдай асыл жанмен кездестірген Аллаға мың шүкірлік айтамын. Әрине, жұмыс бабымен келіспей қалатын кездеріміз де бар, алайда, бір-бірімізге деген қамқорлығымыз бен сый-құрметімізді жоғалтқан емеспіз.

Өзімді Майра Сүйгенбайқызының ізбасары санаймын. Жастардың бір орында жүре бермей, алға ұмтылып, өсуінде еңбегі зор. Өте мықты маман, талапшыл, өз ісін жетік біледі. Майра апай өзінің мейірімімен, жұмысқа деген жауапкершілігімен ұжымның құрметіне бөленді.

Өзіме, өзімнің анама не тілесем, соның барлығын осы кісіге тілеймін. Алла берген бала-шағасының қызығын көрсін, шөберенің қолынан май жаласын. Бастап жатқан әрбір ісі оңды болсын, ауырмасын, біздің ақылшымыз болып аман жүрсін.

Сүйгенбайқызы әңгімесін одан әрі өрбітті.

Әлиям мен Ғалиямды бір күнде қазақы дәстүрмен ұзаттым, біреуі Оралға, екіншісі Семейге келін болды. Қыздарым қаржы мамандары, мықты орындарда жұмыс істеп, мақтанарлық деңгейге жетті. Бірақ, оларға жеке бизнеске бет бұруға кеңес бердім. Ер-сұлтаным бизнес саласында, немерелерімнің анасы Меруерттің Өскемендікі, алғашында бір ауыз қазақша білмейтін, қазір қазақша сөйлегенде мені сүріндіреді. Үйге келгенінде қызым, мен тілімді бұрап орысша сөйлемеймін, баламды жақсы көрсең қазақша сөйлеуің керек» дедім. Екі айда үйреніп алды.

Көргені, көңіліне түйгені көп ананың келін тәрбиесі жайлы да ойын білген едік. Келін де бала, басқа отбасынан келді, сенің үйіңнің талап-тәртібін білмейді. Сондықтан, ақылмен бәрін түсіндіруге тырысқан жөн. Меруерт бір отбасының жалғыз қызы, балам екеуін театр, киноға, қыдыруға жиі жіберіп, үйдің тірлігін өзім істей беремін. Түсінігі бар қыз қатал ұстамай-ақ бәрін өзі алып кетеді. Құрбыларым не айтатындығы келінің қас-қабағынан біледі, қандай керемет деп таң қалады.

Менің түсінігімде жаман келін болмайды. Себебі, келін жас шыбық, қалай өсіресің солай өседі. Ененің өмірлік тәжірибесі бар. Жақсы-жаманды көрген жан. Сондықтан, ене тәрбиесі мықты болуы керек. Жас

адамға көргенсіз деу қате. Жас қыз небәрі 20-25 жылда не көреді? Көргенсіз деп 50-60-тан асқан адамдарға айтылады. Мысалы, кез келген ана қызының барлық қатесі мен білместігін кешіреді. Келінге де неге сондай көзқарас ұстанбасқа? Айналып-толғанғаннан кішірейіп қалмайсың. Келін қайын ененің топырағынан деп бекер айтылмаған. Көргенді ененің келіні де жақсы болады.

Ұлдан бірінші немеремнің қыз болуын тіледім. Атасының жоқтығын білдірмей, алданыш болса дедім. Тілегім қабыл болып, Сара өмірге келді, бауырыма бастым. Ақ халатты абзал жандарды қатты құрметтеймін. Осы себепті, немеремнің дәрігер болуын армандап, тұсауын мықты дәрігерге кестірдім. Үйде мен келмейінше дастарқанға ешкімді отырғызбайды. Тамағын – «басқа амандық, асқа адалдық берсін» – деп бастайды. Немерелерім, балабақшадағы балалар болсын өте алғыр, әрнәрсені білуге құмар, талапты, соларға қарап саналы ұрпақтың өсіп келе жатқанына қуанамын.

Алла да сынақты көтеретін адамдарға береді. Көтерсең көтердің, көтермесең құлайсың. Құдайға шүкір, көргенім мен жеткеніме ризамын. Балаларым өмірден өз жолын тапты. Әке атына кір келтірген жоқ. Ең басты бақытым – осы. Мен үшін мадақ-марапат-

ЛЕБІЗ

Гүлжан МАТАЙБАЙҚЫЗЫ, Алматы қаласы тері-венерологиялық диспансердің бас есепшісі:

«МЕН ҮШІН ҚЫМБАТ АДАМ»

Майра Сүйгенбайқызы мен үшін ақылышы, жетекші, әріптес, дос ретінде ең қымбат адам. Оның бай өмірлік тәжірибесінің, ақыл-парасатының шапағатын көп көрдім. Бұл кісідегі шыншылдық, қателікті мойындай білу, адалдық, жанашырлық сынды толып жатқан жақсы қасиеттерді өзіме және балаларыма үлгі етемін. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» дейді ғой халқымыз, Сүйгенбайқызы ешкімді жатсынбайды, мен сияқты талай қызға өзінің туғанындай қарап, оқуымызға да, жұмысқа тұруымызға да жанын салып көмектесті.

Мен Майра Сүйгенбайқызының өз ісіне, мамандығына деген тазалығына тәнтімін. Үлкенді де, кішіні де қолдаудан шаршамайды. Досқа адал, еңбек жолындағы адамдардың бәрімен емен-жарқын араласады. Мерейлі жасында зор денсаулық, баянды бақыт, ұзақ ғұмыр, сәтті істер тілеймін! «Ауыз біршілік болса, жеңілмейтін жсау жоқ» дейтін ұраныңызбен, аразымызда жарқырап, жайнап жүре беріңіз!



тан гөрі «балаларын дұрыс тәрбиелепті» деген ықылас қымбат. Майра Керімбекованың жарасымды тірлік, жар сыйлау, жайлы жанұя өнегесі туралы толымды ойлары үрім-бұтағына ғана емес, барша қазаққа ғұмырлық сабақ болары анық.

Балабақша – кіші мешіт

Мемлекет басшысының екі-үш қабат үйі бар адамдар неге балабақша ашпайды деген сөзі маған үлкен ой салды. Сөйтіп, 60 жасқа таяғанда балабақша бизнесін өз үйімнен бастадым. Елімізде кәсіпкерлікпен айналысуға барлық мүмкіндік бар. Бұл жағынан үкіметті жамандай берудің қажеті жоқ. Неше түрлі бағдарлама аясында қайтарымызсыз қаржы береді. Соны тек адал жұмсап, тиімді пайдалана білу керек. Мысалы, түсінген адамға балабақша кіші мешіт, баланың несібесін ұрлағаннан немесе қандай да бір қиянат жасағаннан ешкім жақсылық көрмейді. Қазіргі күні қыздарым үш балабақшаның тірлігін дөңгелентіп, ондағы үш жүз баланың бабын жасап отыр.

Қазақ анасы осындай деп мақтанышпен айтатын Майра апамыздың бір басында тектілікті, ірілік пен іскерлікті асқақтатар сан қасиеттер тоғысқан. Ұйымдастырушылық қабілеті оны әріптестерінен әрқашан да биік-

тетіп тұрады. Осы қасиеттерінің арқасында қызметі мен кәсібін қатар дөңгелентіп отыр. «Еңбек деген байлық бар ерінбеген жететін, жоқшылық деген жебірді жермен жексен ететін» деген қағидатын өмірлік ұстанымына айналдырған М.Сүйгенбайқызының пайымынша, әрбір маман өзі отырған мекемені көркейтуге үлес қосып, отбасы бірлігін сақтағанда ғана қуатты мемлекет құрылады.

Тәртіп – нәтиже кепілі

Дипломды жастардың жәрмеңкесіне барып, болашақ дәрігерлермен жүздесу, олардың жұмысқа тұруына көмегін тигізу Майра апайдың ең сүйікті ісі. Бұл ретте айтары «Жастар мықты, білімді, өте білгір, бірақ, бәрі бірден жоғары жалақы алғысы келеді. Алдымен маман өзінің білім-білігін дәлелдеуі керек өмір заңы солай. Біздің де басымыздан талай сынақ өтті. Қиындыққа мойымай, өмір ағымына қарсы жүзе білген адам міндетті түрде арманына жетеді. Өзіңді ғана емес, өзгені де ойлап, пайдаңды тигізсең, сый-құрметтен кенде қалмайсың. Тазалық, жауапкершілік, тәртіп бар жерде жұмыс нәтижесі жақсы болады».

Қазіргі әкімдерге халыққа адал қызмет етуде не кедергі болуы мүмкін екенін сұрағанымызда жауапкершілік жоқ, соның салдарынан түрлі келеңсіздік орын алады. Қоғамымызда жұмыс уақытының өткеніне мәз болып жүре беретіндер аз емес. Ондай тірлікте береке болмайды. Адамның ырыс-берекесі ниеті мен әрекетіне қарай артады. Біз алып қалайық немесе жеп қалайыққа бармадық. Әйтпесе ауылда жер өз қолымызда болды. Жердің киесі жібермейді, қаншама әкім-қара халықтың несібесін жеп абыройынан айырылды. Бізді әке-шешеміз ұятты білуге, кісі ақысын жемеуге, алғыс алуға тәрбиеледі. Қазір ұрпағына соны ұғындыратын адам жоқтың қасы» деп жауап берді.

Алпыстың ақ қарлы шыңына абыроймен шыққан Майра Сүйгенбайқызын біз де мерейлі жасымен құттықтаймыз!

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң» журналы

ЖЕСТОКИЙ ВЕК В НАШЕЙ ИСТОРИИ

Чтобы обрести успешное будущее, необходимо помнить уроки прошлого, даже самые жестокие. Именно поэтому мы должны помнить и анализировать те страницы нашей истории, которые относятся к эпохе тяжелейших политических репрессий.

Наш собеседник, член Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий 1920-1950-х годов в Казахстане, доктор исторических наук, профессор кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения Казахского Национального университета им. аль-Фараби Сауле ЖАКИМБЕВА. Она также является членом Совета Межрегиональной профессиональной ассоциации «История и компьютер» (АИК), объединяющих профессиональных историков России, Беларуси, Казахстана, Узбекистана, Кыргызстана и Азербайджана, которые применяют математические методы и информационные технологии в исторических исследованиях и образовании.



Разговор с ней состоялся о работе Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий 1920-1950-х годов в Казахстане, а также и о некоторых других немаловажных исторических аспектах.

– Сауле Аукеновна, насколько знаю, Вы защищали кандидатскую

диссертацию по теме конфискации и репрессий баев, верно?

– Да, это была первая научная работа в отечественной истории, которая рассматривала тему репрессий против баев в ином, нежели традиционная историография, контексте. Во-первых, были привлечены к обработке прежде закрытые источники массового характера, применены

математико-статистические приемы их обработки на основе компьютерных технологий и формирования проблемно-ориентированной базы данных, что позволило существенно расширить границы историко-сравнительного, структурного и системного анализа в историческом исследовании. Более широкая трактовка данных, содержащихся в личных делах репрессированных в 1928 и начале 1929 годов, так называемых баев-«полуфеодалов», позволила провести анализ источников на более высоком исследовательском уровне, точнее охарактеризовать тенденции развивавшегося процесса конфискации имущества и выселения крупных собственников и элитной верхушки казахского доколхозного аула. Во-вторых, впервые проведена комплексная разработка малоизученных, даже вовсе не изученных аспектов проблемы конфискации, а именно: социальный портрет репрессированных баев, логика действия механизма репрессий в отношении зажиточных, богатых и даже бедняцких хозяйств аула, альтернативные точки зрения на конфискацию со стороны официальных властей и самих баев, особенности восприятия насильственной политики государства владельцами и членами семей экспроприированных хозяйств. В конечном счете результатом исследования стало открытие новых данных по общему количеству конфискованных хозяйств, по категориям конфискации, степени состоятельности, грамотности, влияния и авторитета репрессированных баев и т.д. Так, по официальным данным, в ходе конфискационной кампании 1928 года насчитывалось 696 экспроприированных хозяйств, а по моим выкладкам – 1057 хозяйств. Были такие хозяйства, где семья выселялась в количестве 30-40 человек. Это были явно искусственно объединенные хозяйства ближайших родственников, включавшие три поколения: родители, дети и внуки, которые подлежали выселению. В дороге многие погибали, особенно старики и младенцы. В ходе широкомасштабной акции, связанной с массовой конфискацией и экспроприацией байских «полуфеодалных» хозяйств, была осуществлена ликви-

дация огромного влияния на местное население казахской аульной «элиты», активно сопротивлявшейся «советизации» аула в русле объявленного Ф. Голощекиным «Малого октября», апробирован механизм полной ликвидации байства и кулачества как класса уже в ходе форсированной силовой коллективизации. Репрессивные меры в последующие несколько лет позволят власти достаточно оперативно разрабатывать комплекс нормативных документов по дальнейшим процессам дебайзации и раскулачивания, диверсифицировать антиправовой инструментарий репрессивного аппарата.

Опора на нетривиальные для исторической науки методы математической статистики и информатики позволяют повысить уровень беспристрастности, доказательности и содержательности полученных результатов. Применение новых методов дает нам, историкам по советскому периоду, массу новых возможностей для исследования.

– Сауле Аукуеновна, что вы можете сказать о работе Госкомиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий?

– Вас интересует, как формировалась Госкомиссия и выстраивалась ее работа? Естественно, был выявлен пул ученых-специалистов в каждой из изучаемых направлений по реабилитации: по репрессиям против баев, кулаков, середняков и простых шаруа, народным восстаниям, вынужденным беженцам, жертвам насильственной коллективизации, заготовительных и других политических кампаний и так далее. Деятельность в Госкомиссии позволила ученым работать с информацией не только открытых фондов, но и с засекреченными документами, выявить огромные пласты уникального документального материала. Особая роль в координации прикладных и информационных процессов в рабочих группах, организации массового рассекречивания ранее недоступных исследований архивных фондов принадлежит Проектному офису по сопровождению деятельности Госкомиссии, которую возглавил С. Касымов, вызывающий огромное уважение своими компетенциями в вопросах ре-

прессивной политики в Казахстане и неиссякаемой энергией и одержимостью провести полную реабилитации всех репрессированных граждан республики.

Членами комиссии проводилась масштабная работа в архивах страны и за рубежом, были изучены закрытые фонды специализированных ведомственных архивов Генеральной прокуратуры, КНБ, МВД РК. Параллельно осуществлялась активная работа по рассекречиванию архивных фондов государственных и ведомственных архивов и представлению материалов для полной юридической и политической реабилитации жертв политических репрессий, определения перечня фактически не реабилитированных категорий граждан, в том числе не охваченных действующим законодательством и/или названных в законодательстве, но фактически не реабилитированных. Особое внимание было уделено «Малому октябрю», «советизации» казахского аула, разрушению традиционного общества казахов. К сожалению, у нас не так много специалистов, системно работающих в этом направлении, таких как Талас Омарбеков, рано ушедший из жизни.

– Но не все же документы относятся к политическим репрессиям?

– Нет, материалы, с которыми нам пришлось работать, имеют социально-политический характер, и преимущественно охватывают период массовых репрессий 1920-1930 годов, в первую очередь, против элитных слоев казахского аула, казахских баев и членов их семей, выселенных с мест их постоянного проживания в другие регионы республики и страны – жертв и пострадавшие от репрессий. Они были лишены всех гражданских прав; прав на собственность, свободу перемещения, на жизнь, личную неприкосновенность, справедливый суд, образование и т.д. Среди более тысячи владельцев экспроприированных и выселенных с мест постоянного проживания байских хозяйств в 1928 году я часто привожу судьбу одного из неординарных личностей казахской степи – Алпысбая Калменова. Он был репрессирован не как богатый скотовод, а как социально опасный элемент,

как бывший волостной управитель, депутат I Государственной Думы Российской империи, член юго-западного отделения Алашординского правительства. У него и его брата Калменова Мукаша, который до 1928 года был уже выслан из Казахстана, шесть сыновей имели высшее и среднее образование, один из них состоял в партии и работал на руководящей работе в Кызыл-Орде. В доносе активиста сообщалось, что все Калменовы характеризуются как сомнительные личности с алашординской психологией, а один из племянников по слухам арестован в г. Москве за участие в экономической контрреволюции. Так вот, уполномоченный по конфискации по Актюбинскому округу, второй секретарь Казкрайкома партии И.Курамысов конкретно рекомендовал всех детей, даже тех, кто учился в Москве, выгнать из школ и вузов. Все эти события отражены в архивных документах. Среди, например, репрессированных так называемых баев-«полуфеодалов» можно назвать Турагула Ибрагимова – сына великого казахского просветителя Абая Кунанбаева (названного в «объективке» известным феодалом-родоначальником), Базарбая Маметова – члена Семиреченского отделения правительства Алашорды, Фаюрзшу Аблайханова вместе с Букеевскими потомками – сына султана Иш-Мухамеда Аблайханова, внука ага-султана джалаириев Сюки Аблайханова, Казмухамеда Алтынсарина – племянника Ибрая Алтынсарина, Салыха Омарова – правнука Сырыма Датова, Ибрая Акпаева – члена Центрсовета Алашорды, тестя Предсовнаркома КазССР Н. Нурмакова и многих других известных степняков, прошедших по второй категории конфискации как противники советской власти.

В ходе исследования мы использовали математико-статистические методы, компьютерные технологии баз данных, просопографический подход. Кстати, для выявления количественных показателей по репрессированным аульчанам и сельчанам, мы построили математическую модель, которая показала, что, в целом, количество жертв и пострадавших от политических репрессий среди аульного и сельского населе-

ния Казахстана за 1928-1938 годы составило более 800 тысяч человек.

Дело в том, что мы работали фактически два с половиной года. Из них более полугода забрала пандемия, когда доступ в архивы был невозможен. Нами в ходе многочисленных командировок не только в областные, но и районные архивы выявлен огромный массив ранее не востребованных документов, для анализа которых еще требуется время. Поэтому научно-исследовательская работа в этом направлении должна быть продолжена.

– Насколько знаю, итогом всей работы Госкомиссии стал выпуск многотомной серии сборников документов, который был представлен Главе государства Касым-Жомарту Токаеву.

– Да, в 2022 году были выпущены 31 том архивных материалов и две монографии (С. Жакишевой и В. Хана), посвященные именно конфискации байских хозяйств в 1928 году, и еще 17 томов вышло в прошлом году. Причем, если первый выпуск томов готовили члены Государственной, то последние уже были представлены в основном региональными рабочими группами и архивными подразделениями. По итогам работы комиссии подготовлена коллективная монография членов Госкомиссии уже по всем направлениям репрессивной политики в Казахстане в 20–50 годах XX века. В нем восемь разделов, в четырех из которых я приняла активное участие.

– Скажите, есть Указ Президента о полной реабилитации жертв политических репрессий, а вот в отношении баев будет принят документ об их реабилитации?

– Безусловно, будет. Такой документ по всем жертвам и пострадавшим от политических репрессий проходит стадию подготовки и передачи на утверждение в Парламент. Более того, Госкомиссией инициировано принятие отдельного Закона по вынужденным беженцам за границы Казахстана в период силовых кампаний и голода. На наш взгляд, полной реабилитации заслуживает та часть байства, середняков, бедняков и членов их

семей, которые прошли с августа 1928 года по февраль 1929 года конфискацию имущества и выселение с мест их постоянного проживания, были лишены избирательных прав и объявлены социально опасными элементами. Также полной реабилитации заслуживают баи и кулаки, их семьи, прошедшие по 2-й и 3-й категориям раскулачивания и дебаизации в период кампании по ликвидации «эксплуататорских» классов в ходе силовой коллективизации аула и деревни и насильственного оседания казахских хозяйств. Часть персоналий, проходивших по 1-й «контрреволюционной» группе и приговоренных к расстрелу либо к отправке в лагерь ГУЛАГа, тюрьмы, трудколонию и т.д., уже реабилитирована. На наш взгляд, реабилитации не могут быть подвергнуты те, кто в период Ашаршылык прятал зерно от своих аульчан для собственного обогащения (моральная оценка), участвовал в преднамеренных убийствах невольных свидетелей своих преступлений среди аульного населения, изнасилованиях (уголовная оценка).

Объем и характер исторических документов и материалов политических репрессий позволяют констатировать наличие категорий жертв, не охваченных действующим сегодня законодательством Казахстана. Из чего следует необходимость актуализации положений существующего Закона о реабилитации жертв массовых политических репрессий. В частности, в основу процесса реабилитации необходимо заложить универсальные принципы права, основные идеи концепции естественных прав человека, закрепленные на уровне международного права. Определить, что каждый репрессированный или осужденный в порядке и на основании нормативных правовых положений, противоречащих нормам и принципам международного права в области прав человека, подлежит правовой или политической реабилитации как жертва политической репрессии.

– Спасибо за столь содержательную беседу, желаем дальнейших успехов в вашей деятельности.

Беседовал Сая ИССА

ҒЫЛЫМ ШЫРАҒЫН ЖАРҚЫРАТҚАН ҚАРАШАҢЫРАҚ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті - республикамыздағы көне жоғары оқу орындарының бірі. Биыл университет өзінің 90-жылдығын атап өтуде.



Қазақ мемлекеттік университетін құруға КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1933 жылғы 20 қазандағы шешімі мұрындық болды. 1934 жылғы 15 қаңтар – Қазақ мемлекеттік университетінің (ҚазМУ) ресми ашылған күні, ол КСРО Халық Комиссарла-

ры Кеңесінің және БКПб Қазақ өлкелік комитетінің қаулысымен педагогикалық институттың негізінде құрылды. Сол жылғы 2 желтоқсанда ҚазМУ-ге белгілі кеңестік партия және мемлекет қайраткері С.М. Кировтың есімі берілді. 1937 жылы алғашқы

гуманитарлық факультет – шет тілдері факультеті, бір жылдан кейін филология факультеті ашылды. Университеттің қалыптасуына Мәскеу, Ленинград, Қазан, Украина жоғары оқу орындары көмектесті. Осында жұмыс істеуге МГУ, Қазан университетінің ғалымдары келді.

1941 жылы Қазақ коммунистік журналистика институтының негізінде филология факультетінің журналистика бөлімшесі ашылды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев университеттің одан әрі даму маңыздылығын атап көрсетті және жоғары оқу орнының халықаралық мәртебесін нығайту қажеттілігіне, ғылыми-зерттеу қызметін күшейтуге баса назар аударды. Президент біліктілігі жоғары мамандарды даярлау бойынша университет қызметінің маңыздылығын атап өтті, білім сапасын жақсарту, елдің дамуында ғылымның үлесін арттыру және университет кампусын жаңғырту бойынша нақты тапсырмалар берді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Қазақстан Республикасының аумағында жетекші көпсалалы жоғары оқу орны болып табылады, «QS Asia University Rankings 2023: Орталық Азия» рейтингінде 1-ші орын алып, Орталық Азияның бірінші жоғары оқу орны болып мойындалды және Азия өңірлері жоғары оқу орындарының QS рейтингісіне енгізіліп, 29-шы орын алды. 1934 жылы құрылған университет өз беделінің деңгейін сақтап келеді және мамандықтар аясының кеңдігі арқылы студенттердің оқуға түсуі мен білім алуы үшін аса қолайлы білім ошағы болып табылады. [1]

Қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да университеттің алдына қойған биік мақсаттарын орындауға – білімді және инновациялық қызметті ұтымды ұштастыру негізінде Қазақстан Республикасының заманауи зияткерлік талаптары мен даму стратегиясына сай келетін, жаңа тұрпаттағы мамандарды оқытуға және тәрбиелеуге көмектесетін 4170 адам жұмыс істейді. Олар – оқытушылар, қосалқы-оқу персоналы, өндіріс департаментінің қызметкерлері, компьютерлік технология саласының мамандары, заңгерлер, экономистер, күзетшілер

және көптеген өзге де мамандық иелері. Профессорлық-оқытушылар құрамының штаттық саны 2,9 мың, олардың 1,2 мыңнан астамы ғылым докторлары мен кандидаттары және 350-і PhD докторы. Университет профессорларының арасында 10 академик пен 7 корреспондент-мүше бар. Бірқатар шетел жоғары оқу орындарының ректорларымен тұрақты кездесулер өткізіліп тұрады. Олар білім мен ғылым саласында ынтымақтастыққа өздерінің әрдайым дайын екендіктерін білдірді. Шетел жоғары оқу орындарымен белсенді араласу екіжақты білім жобаларын ұлғайтуға оң септігін тигізеді. [2]

Бірнеше жыл бұрын университет зерттеушілік үрдісіне түпкілікті бет бұрды. Бетбұрыс кезінде ҚазҰУ төрт стратегиялық міндетті шешеді. Біріншіден, бұл ғылыми қызмет пен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің барлық деңгейінде білім беру үдерісінің кірігуі. Екіншіден, университетте оқытудың келешектегі үлгісін қалыптастыру және академиялық көшбасшылықты қамтамасыз ету. Үшіншіден, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына университеттік ғылымның үлесін арттыру. Төртіншіден, университеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін корпоративті басқарудың тиімді үлгісін жасау. Осы стратегиялық міндеттерді орындау үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Атап айтқанда, әртүрлі жағдайларға байланысты жобаларын өндіріске дейін жеткізе алмаған ғалымдар өз зерттеулерін жетілдіріп, одан әрі коммерцияландыра алады. [3]

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде ғылыми сарапшыларға арнаған БҰҰ үндеуіне жауап ретінде тұрақты даму саласында зерттеулер жүргізілуде. Бұл саланың дамуына қазақстандық ғылым да сүбелі үлес қосуда. Осы бағытта «Тұрақты дамудың үш өлшемдік тұжырымдамасы (ESG): өңірлердің теңгерімді дамуы тұрғысында бизнестің мүдделері» жобасымен Экономика және бизнес жоғары мектебінің профессоры Айнагүл Амангелдіқызы Адамбекованың жетекшілігімен ғалымдар тобы жұмыс істеуде.

Қазақстанның төрт университеті мен

University of Massachusetts (АҚШ) ғалымдарынан құралған команда орындайтын пәнаралық жоба қазақстандық өңірлердің тұрақты дамуының жағдайларын қамтамасыз ету үшін ESG қағидаттарын іске асыру құралдары мен тетіктерін әзірлеуге бағытталған. Соңғы жылдары тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу мемлекеттік басқару мен ірі бизнесті дамытуда маңызды бағдар болып отыр. Ғалымдар зерттеу барысында тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу тұрғысында өңірлік дамуды ынталандыру үшін жағымсыз үрдістер ықпалын жұмсартуға және артықшылықтарды пайдалануға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеуде.

Ғалымдар әлемдік тәжірибені және ұлттық экономикадағы шынайы үрдістерді ескеретін ESG-ты қабылдау бойынша тәсілдер мен тетіктерді белгілеуге жіті назар аударуда. Бизнес пен өңірлердің теңгерімді жолдарын іздеу, ғаламшарды тек ертеңгі ұрпақ үшін сақтауға ғана емес, сонымен қатар табиғи және басқа өңірлік ресурстарды тиімді пайдалануға, аймақтардың саналуан географиялық ерекшеліктерінен туындаған кірістер мен өмір деңгейінің теңсіздігі мәселелерін шешуге бағытталған.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Экономика және бизнес жоғары мектебінің қаржы және есеп кафедрасы «Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикасын дамыту жағдайында ESG қаржы құралдарының өзгерісі» жобасын іске асыруда. Жоба қаржы жүйесін дамытудың жаңа ESG (environmental, social and governance) парадигмасы мақсатында «жасыл» қаржы құралдарын зерттеуге арналған. «Жасыл экономика», «жасыл қаражат», «ESG құралдары» және «ESG-тәуекелдері» түсініктерінің нақтыланған тұжырымдары әзірленді. «Жасыл банкинг» пен банк түсімдері практиктерінің арасында өзара байланыс орнатылды және «жасыл банкинг» артықшылығын орнату мақсатында көптеген желілік регрессияның жетілдірілген моделі құрылды. Қазақстанның жасыл экономикаға көшу міндетін іске асыру кезінде делдалдар санын азайтуға мүмкіндік беретін ESG қаржы құралдарын цифрландыруға бағытталған отандық және шетелдік тәжірибе байытылды.

Жоба мүшелерін үйлестіру шегінде «Астана» Халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) Жасыл қаржы орталығымен бірлескен жұмыс жүргізілді. Ғылыми-зерттеу тобы «Орталық Азияны тұрақты қаржыландыру нарығы» тақырыбына баяндама даярлады, Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ - 7, 8, 13, 17) қолжеткізу бойынша қаржыландыру құралдары мен тетіктері қарастырылды.

Зерттеу нәтижелерін жасыл құралдардың тиімділігін бағалау кезінде қаржы ұйымдары, екінші деңгейдегі банктер пайдалана алады, АХҚО Жасыл қаржыландыру орталығы Орталық Азияны тұрақты қаржыландыру нарығы тақырыбы бойынша екі бірлескен баяндама шығаруды жоспарлап отыр.

Әль-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары, сондай-ақ «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру саласында ұлттық стратегия ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар студенттердің кәсіби өзін-өзі айқындауын қалыптастыру» жобасын іске асыруда. Бұл жобаның ұлттық ауқымдағы маңызы зор. Ол «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру тұжырымдамасын», «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуді қолдау туралы» ҚР заңын, ҚР ҒЖБМ «Мүгедектігі бар тұлғалар үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жол картасын» іске асыруға бағытталған.

Ғылыми зерттеулер педагогика ғылымының докторы, Педагогикалық білімдер халықаралық ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ педагогика және білім менеджменті кафедрасының профессоры Ақмарал Сәбитоллақызы Мағауованың жетекшілігімен жүргізілді. Ғалымдар зерттелетін мәселелер көзінің дерекқорын құрастырды, оған қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектері енгізілді. «Университеттік білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің кәсіби өзін-өзі айқындауын қалыптастыру кешенді бағдарламасын» әзірледі, осы бағдарлама әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ жанындағы денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі студенттерді қолдау орталығында сынақтан өтуде. Жоба аясында университеттік білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қолдаудың нақты жағдайын және шешу жолдарын тәжірибеде айқындауға мүмкіндік беретін әлеуметтік сауалнама жүргізілді.

Педагогика ғылымының кандидаты, профессор Г.Қасеннің жетекшілігімен «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің кәсіби және тұлғалық өзін-өзі айқындауының әртүрлі жолдарын анықтау және талдау» тәжірибелік зерттеуі өткізілуде.

Жоба аясында оқытушылар үшін «Жоғары оқу орнының инклюзивтік білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды. ҚазҰУ-да БҰҰ Тұрақты Даму мақсаттарына қол жеткізуге орасан зор маңыз беріледі. [4]

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде XCSS-Cross Country Skiing Sand (Париж, Франция) компаниясының президенті Эстель Пейеннің көшбасшылық дәрісі өтті. Дәріс тақырыбы ТДМ – «Қазақстанның тіршілік мұрасын сақтау үшін спорт пен ынтымақтастық құндылықтарын, климатқа қоғамдастықтың тұрақтылығы мен бейімделуінің өзекті элементтерін жылжыту: XCSS «Climate can't wait» жобасының үлгісінде қолжеткізуге бағытталған БҰҰ бастамаларына арналды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Жәмила Айтжанова дәріскерді аудиторияға таныстыра келе, жақында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тұрақты даму саласындағы мақсаттар бойынша БҰҰ саммитіне қатысқандығын атап өтті. [5]

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан үшін ТДМ-ге қол жеткізудің ұлттық басымдық болып табылатындығын және мемлекеттік бюджеттің 80%-ның ТДМ мақсаттарымен ұштастырылғандағын қадап айтты. Болашақта тұрақты дамуға қолжеткізу әрбір қоғам үшін басым бағыт болып табылады

және бірлескен күш-жігерді талап етеді. Сондықтан бүгінгі дәріс баршамыз үшін аса маңызды», – деп атап көрсетті ЖОО проректоры.

Дәріскер Эстель Пейен – «Агротамақ өнеркәсібінің менеджменті» мамандығы бойынша магистр, спорттық тамақтандыру мен құнарлы заттар фармакологиясының арнайы маманы, тамақтандыру, денсаулық, жұмысқа қабілеттілік, экспедициялар туралы мақалалардың авторы. [6] Ол адамның кідіріссіз араласуын талап ететін экожүйенің негізгі проблемалары туралы әңгімеледі. XCSS - Cross Country Skiing Sand (Париж, Франция) компаниясы қазіргі таңда климаттың өзгерісімен күрес бойынша хабардар болуды арттыру және шешімдерді іздеу бойынша белсенді қызмет жүргізуде. Мысалы, компания өкілдері биылғы жылы Мароккода (Солтүстік Африка) болды, сол жерде жоба шеңберінде елдің экожүйесін зерттеді және экологиялық мәселелерді шешуге ықпал ететін бірқатар маңызды шараларды ұсынды.

Судың жетіспеушілігі, климаттық өзгерісі, құрғақшылық, Қазақстанды қоса алғанда, көптеген елдер үшін ғаламдық сын-қатер болып табылады. Эстель Пейен атап өткендей, «өңірдің немесе деревняның экожүйесін сақтау үшін табиғат пен адамға зиян келтірмейтін ұлттық жергілікті технологияны пайдаланған абзал. Спортпен шұғылданып, экотуризмді дамыту, сол арқылы тұрақты дамуға өз үлесінді қосу маңызды. Компания Мароккода болған кезде жергілікті қоғамдастыққа спортқа деген айрықша ұстанымды – құммен жылжу үшін ағаштан жасалған жүгіру шаңғысын пайдалануды ұсынды. Компания жобасының үшінші кезеңі келесі жылы Қазақстанда, Балқаш өзені маңында жалғасады және экотуризмді жылжытуға және климаттың өзгерісіне бейімделу бойынша шалғайдағы аудандардың пайдалы мүмкіндіктерін көрсетуге бағыттатын болады.

XCSS «Climate can't wait» жобасы №3 ТДМ – Мықты денсаулық пен игілік, №5 ТДМ – Гендерлік теңдік, №6 ТДМ – Таза су мен санитария, №13 ТДМ – Климат өз-

герісімен күрес, №15 ТДМ – Құрлықтың экожүйесін сақтау сияқты негізгі шараларына жетуге бағытталған БҰҰ ғаламдақ бастамасының бір бөлігі болып табылады.

ТДМ-ге қол жеткізуде заң факультеті де өз үлесін қосты. «Еңбек дауларын және әлеуметтік-еңбек саласындағы өзге жанжалды ахуалды шешу әдістері: теориялық практикалық мәселелер» атауымен еңбек проблемаларына арналған конференция өткізілді. Конференция гибридік форматта өтті, оның онлайн жұмысына 200-ден астам адам қатысты. [7]

Тағы бір инновациялық табысты жоба – «Мұнай ұңғымаларын асфальттік-смолалық-парафиндік және гидраттық шөгінділерден тазалау технологиясы». Мұнай шөгінділерінен тазартатын ғалымдар әзірлеген автоматты қондырғы өндіру уақыты кезінде тазалауды күн сайын тұрақты жүргізеді, бұл мұнайды үздіксіз өндіруге мүмкіндік береді. Құрылғының тозуға қарсы жоғары параметрлері бар және жиі бақылауды қажет етпейді. Құрылғыны пайдалану тазалауға кететін операциялық шығындарды бұрынғысына қарағанда 80% дейін оңтайландыруға, тазалау кезінде мұнайдың ысырап болу және төгілу тәуекелдігін азайтуға, пайдалану үдерісінде «адам факторының» жағымсыз салдарын төмендетуге мүмкіндік береді.

Оқу жылының басында дәрі-дәрмек өсімдіктерінің Ғылыми-зерттеу орталығында өсімдік шикізатының негізінде инновациялық өнімдер өндірісінің салтанатты ашылуы болып өтті. Осы жобаға Қытай Халық Республикасының арнайы гранты бөлінді. Қазіргі уақытта орталық асқынған респираторлық-вирустық инфекциялардың таралуымен күрес үшін мульти-табиғи қоспаларды жасау жолында тұрақты жұмыс жүргізуде. Жоба авторы – ҚазҰУ профессоры Жанар Жеңіс.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ғылыми инновациялық жобалары университеттің зияткерлік меншігі және ғалымдар мен бизнес өкілдері үшін бағалы актив болып табылады.

Университетте дәрі-дәрмек препаратта-

рын әзірлеуге арналған дәрі-дәрмек өсімдіктерінің Ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істейді. Оның негізгі мақсаты – Қазақстанда өсетін өсімдіктер негізінде дәрі-дәрмек қоспаларын зерттеу және әзірлеу. Қазіргі уақытта осы жерде кең ауқымда қолданылатын, оның ішінде коронавирустық инфекциямен күрес үшін, тұмаудан, бүйрек ауруларынан қорғайтын және иммунитетті көтеретін биологиялық белсенді қоспалар өндіріледі. Сондай-ақ, диабетті емдейтін, қан қысымын реттейтін, асқазан-ішек жолының жұмысын жақсартатын, иммунитетті көтеретін фитошәй өндіріледі.

Техника ғылымының кандидаты, PhD Данияр Исмаиловтың «Наноматериалдар негізіндегі датчиктер» жобасы әзірленді. Датчиктерде сенсорларды, датчиктерді жасау кезінде заманауи нанотехнологиялық ұстанымдар қолданылатын болады, бұл шығарылатын өнімдердің сипаттамасын жақсартуға мүмкіндік береді. Тұрмыстық қондырғыларды пайдаланатын мектептер, жоғары оқу орындары, ТЖ болған кезде алдын ала дабыл қағуды, хабарлауды қажетсінетін өнеркәсіп кәсіпорындары тұтынушылар бола алады.

«Жаңа технологиялар негізінде жоғары қарқындылықпен жарық түсіретін энергия үнемдейтін газоразрядты лампалардың ұсақсериялы өндірісін ұйымдастыру» жобасы T5 және T8 үлгісіндегі энергия үнемдейтін лампаларды пайдалану арқылы энергияны үнемдеу проблемасын шешеді. Жобаның мақсаты – жоғары қарқындылықпен жарық түсіретін газоразрядты лампалардың ұсақсериялы өндірісін ұйымдастыру және іске қосу. Ұсынылған лампалардың бәсекелестік артықшылығы: жарықтың берілуі 20% артық, жарық түсіру қарқындылығы 1,5 есе көп, жоғары сападағы қолжетімді баға.

«Орта оқу орындарында электр құбылыстарын зерттеу үшін зертхана кешендерінің шағын өндірісін ұйымдастыру» жобасы қазақстандық мектептер мен колледждерді білім берудің жоғары стандарттарына сай заманауи оқу қондырғыларымен жарақтандырылуына ықпал етуге тиіс. Зертханалық

кешен пайдалану мен қызмет көрсетуде дербес әрі қарапайым. Жиырма екі зертханалық жұмысты орындауға мүмкіндік береді және кабинет бөлуді қажет етпейді.

ҚазҰУ ғалымдарында ғылыми инновациялар саласында қоғамға көрсететіндей сүбелі табыстары бар. Мысалы, биотехнология кафедрасының доценті Людмила Игнатова бактериялардың көмегімен экологиялық таза, суда еритін және биоқұбылатын биопластик жасады. Биопластика өндірісі үшін биореактор, қуаттандыру ортасы және штамма жеткілікті. Материалдың өзі өнеркәсіптік шеңберде өндірілуі мүмкін. Биопластика мұнай негізіндегі пластмассаларды айырбастай алады. Сөйтіп, пластика дәуірі жақын уақыттарда өткенге кетуі мүмкін. Жаһандану дәуірінде адамзатқа қоршаған орта мен адамдардың денсаулығын қолдайтын пайдалы заттарды жасау қажет.

ҚазҰУ технологияны коммерцияландыруға арналған гранттық қаражаттың екі миллиардқа жуық теңгесін игерді. 1400 шамасындағы өнертапқыштық жаңалық патенттелді. Университетте 10-нан астам инновациялық өндіріс жұмыс істейді. Атап айтқанда, шунгиттік концентрат, полиэфирлік смола, газоразрядты лампалар, дәрі-дәрмек құралдары және көмірқышқыл-

ды наноқұрылымдар сияқты инновациялық өнімдерді және басқаларды шығаратын шағын цехтар жұмыс істейді. Жалпы, университет бойынша өз ғалымдарымыз әзірлеген 100-ден астам ғылыми-зерттеу жобалары бар. Студенттік бизнес-инкубатор шеңберінде 70-тен астам студенттік инновациялық жоба іске асырылуда.

ҚазҰУ ғылыми-технологиялық паркі «ТрансМұнай» бірлескен Орта-Азиялық ғылыми-зерттеу және жобалық институтының «Кальций карбонатынан жасалатын поликристалдық нәзік ұнтақтық тау жынысының бірлескен өндірісін құру» инновациялық жобасымен жүргізіліп жатқан жұмыс барысын бақылайды.

2024 жылы университет елдің ғылыми-техникалық дамуының үлкен келешегі бар бағыттары бойынша 650-ден астам жобаны іске асыруды жоспарлап отыр.

С.ТЫНЫБЕКОВ,
з.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
заң факультетінің профессоры.

О.П.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
журналистика факультетінің аға
оқытушысы.

СІЛТЕМЕЛЕР:

1. <https://farabi.university/>
2. <https://almaty.tv/news/obrazovanie-i-nauka/1032-biyl-kazak-ulttyk-universitetinin-kurylgany-na-90-dgyl>
3. <https://elibrary.kaznu.kz/ru/node/12944>
4. <https://sdg-portal.kaznu.kz/ru/10>
5. <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-prinyal-uchastie-v-sammite-oon-po-celyam-v-oblasti-ustoychivogo-razvitiya-188533>
6. <https://dknews.kz/ru/dk-life/303819-kazahstan-stanet-ploshchadkoy-dlya-prodvizheniya>
7. С точки зрения науки. Юридическая газета. 5 января 2024 года, №1 (3803), С.4.

О НЕКОТОРЫХ ПРОБЛЕМАХ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСТАНА

К сожалению, за годы независимости многие реформы, имеющие только название, но не сущность, показали ничтожные результаты, не принесли пользу народу и стране.

Что касается судебной системы, то здесь, как известно, реформы в соответствии с поручением Президента РК, направлены на восстановление доверия населения к правосудию. Одна из важных задач, которую ставит перед судебной системой Глава государства – это привлечение квалифицированных кадров для обновления и комплектования судейского корпуса.

Однако какой бы ни была реформа, она должна основываться на научном и эмпирическом анализе. Исходя из передовых моделей судебной системы других государств, их богатого опыта, мы должны выбрать те, которые лучше всего соответствуют нашему менталитету и национальным интересам.



**Советхан СӘКЕНҰЛЫ,
судья Алматинского
городского суда**

Считаю целесообразным отметить, что в современной системе подбора кадров существует множество недостатков. Главное

препятствие – это коррупция, взяточничество, охватившее государство, страну. Для этого недостаточно обновить весь судебный корпус, вновь укомплектовать судей, привлечь квалифицированный персонал. Для достижения этой цели необходимо по-настоящему обновить всю сложившуюся систему государственного управления и привлечь людей, честлюбивых, образованных, патриотов, которые могут стать государственными личностями, с широким кругозором мышления.

Например, в настоящее время порядок прохождения претендентов в судьи слишком сложен, вследствие этого на сегодняшний день в местных судах вакантно 330 мест судей по штату, то есть, 12 процентов вакансий. Не секрет, что это создает огромную нагрузку на действующих судей. Так как количество дел не соответствует количеству судей, то страдает качество принятых приговоров и судебных решений.

Поскольку будущую судьбу государства решают только правильные кадры, мы должны подходить к этому вопросу очень внимательно, с особой прилежностью.

В этом контексте мое предложение таково. При Высшем Судебном Совете есть комиссия по кадровому резерву, которая состоит из действующих на сегодняшний день судей, большинство из них подчиняется руководству Верховного суда. И поскольку именно эта комиссия отбирает судебные кадры из числа претендентов, то было бы правильным, если бы назначали кандидатов из числа мудрых и принципиальных судей в отставке.

Во-первых, они не будут подчиняться руководству Верховного Суда, будут открыто высказывать свое мнение, а во-вторых, являются квалифицированными, образованными специалистами в юридической сфере. Будет правильным, чтобы каждый член комиссии при отборе обосновывал свое мнение и открыто голосовал. Все это должно быть зафиксировано, чтобы позже была возможность проанализировать, кто из избранных претендентов оправдал надежды, а кто подвел, и не допустить в будущем но-

вых ошибок в подборе кадров. Безусловно, привлечение в судебный корпус квалифицированных кадров для его обновления и комплектования – дело достойное. Напомним, в США судьи работают до 70-80 лет. Почему бы не работать нашим судьям старше 63 лет, имеющим богатый профессиональный опыт и крепкое здоровье до 70-75 лет? Ведь они передадут молодым судьям и судебным специалистам свой жизненный опыт, накопленные знания и будут отличными наставниками. В свое время многие из нас стали свидетелями того, как эта тенденция дала свой положительный результат, реальную пользу. Это послужило бы причиной неразрывности накопленной богатой судебной практики со следующим молодым поколением. Ведь всем известно, что получение знаний, накопление богатого профессионального опыта требует длительного времени.

Важно также, чтобы два-три авторитетных лица из числа юристов или непосредственные руководители, которые сотрудничали с претендентом, хорошо знающие его в человеческом и профессиональном плане, дали бы свои письменные характеристики, а также чтобы они были в той или иной степени ответственны за него.

Отмечу, что в последнее время на судебские должности часто берут сотрудников судебной системы, у которых не хватает профессионального и жизненного опыта. По моему личному мнению, вряд ли из специалиста, не работавшего в следственной службе, сильным прокурором или адвокатом, выйдет хороший судья.

По аналитическим данным за последние три года, 65 процентов впервые назначенных судей являются сотрудниками судебной системы, подавляющее большинство из них – секретари судебных заседаний. Причина этого в том, что с сотрудниками других отраслей не ведется работа по кадровым вопросам, с ними нет тесной связи.

На сегодняшний день секретари суда в основном занимаются подключением средств звукозаписи, видеозаписи, технической стороной и обеспечением подклю-

чения участников судебного процесса в суд онлайн. Я лично не видел секретарей, которые постоянно изучают материальные, процессуальные и другие законы, а также часто вносимые в них изменения и дополнения, и обучаются им в процессе работы.

При этом, в судебном производстве три главных принципа – это правильное понимание, применение и толкование закона. У меня нет никаких сомнений в том, что специалист, который основательно усвоил и понял эти три принципа, станет хорошим юристом.

На вопрос, какого человека выбрать для судейской профессии, я бы сказал, что, во-первых, имеющего лучшие человеческие качества, во-вторых, образованного и квалифицированного.

Страна с хорошими судами – счастливая страна. К сожалению, в последние годы часто слышим и видим, что судьи получали взятки, участвовали в коррупции. Как мы посмотрим в глаза людей? Как мы будем вести дела? В этом виновата, я считаю, во-первых, система, которая властвует последние 30 лет. Во-вторых, виноваты недостойные, бессовестные судьи, запятнавшие себя взяточничеством, коррупцией, а также власть имущие, назначившие их на такие должности.

Как всем известно, судебная власть – это ветвь государственной власти. Поэтому справедливое отправление правосудия – прямой путь, который ведет общество и людей к хорошей жизни. Следовательно, нужно назначать и заработную плату, соответствующую такой большой ответственности. Например, известно, что в соседней России и Турции такие судьи, как мы, зарабатывают в два-три раза больше. Казахстан – страна, обладающая богатствами как под землей, так и над ней, поэтому при эффективном использовании можно обеспечить материальное положение более 2 700 судей по республике, чтобы они ни о чем не беспокоились.

Суды должны быть независимыми, по-

этому желательно, чтобы председателей судов, председателей коллегий избирали судебным корпусом тайным голосованием сроком на два года, и чтобы это было утверждено председателем Верховного Суда. Также желательно, чтобы они освобождались от должности только в случае грубого нарушения закона либо при совершении действий, противоречащих судебной этике.

Добросовестность и авторитет суда, судебной системы, в целом, строятся на чистоте совести и образованности, здравомыслии каждого судьи.

Глава государства подчеркнул, что для того, чтобы добиться значительного прогресса в сфере реформирования судебной системы, необходимо перейти к принципиально новым подходам, основанным на профессионализме судей, качестве правосудия и управления судебными делами.

В том числе, в столице было высказано предложение о создании индивидуального кассационного суда по каждому из уголовных, гражданских, административных дел. Сразу скажу, что поддерживаю предложение о создании данного суда. Но, только не в Астане. Я считаю, поскольку наша страна имеет большую территорию, сложно обеспечить удобное включение людей в орбиту правосудия. А в судебном процессе лучше участвовать напрямую, так сказать, вживую. В этом контексте неудобно направлять каждого гражданина, представителей прокуратуры и адвокатуры в Астану, к тому же это и с финансовой стороны сложно. Поэтому думаю, что создание и формирование кассационных судов на четырех территориях было бы передовым решением. А состав Верховного Суда было бы целесообразно оставить из 10-15 судей, чтобы они рассматривали дела государственного значения, занимались вопросами формирования единообразной судебной практики, а также нормотворческой деятельностью по вопросам правильного разъяснения, применения и толкования законов.

ЖЕР УЧАСКЕСІН МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАҰТАРЫП АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сотқа талап қоюмен түсетін даулардың көпшілігі жер құқығы қатынастарынан туындайтын даулар және олар әрдайым өзекті. Сондықтан, бұл мәселеге терең мән беріліп, объективті, толық зерттеліп қаралуы қажет.

Ата Заңымызға сәйкес, жерге мемлекеттік және жеке меншік танылады және бірдей қорғалады. Қоғамда жер даулары, жерге қатысты болып жатқан өзгерістер нәтижесінде жер заңнамасын жетілдіру және жер қатынастары саласындағы заңдылықты нығайту бүгінгі күннің талабы. Өйткені, бұл санаттағы істерді дұрыс және уақытылы шешуге жер-құқықтық қатынастарды ғана емес, сонымен қатар, қоғамның әлеуметтік-саяси жағдайын дамыту және жетілдіруге көп нәрсе байланысты. Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты істерді сотта қарау бойынша да тұрақты практиканы қалыптастыру маңызды.

ҚР Конституцияның 26-бабына, ҚР Жер кодексінің (бұдан әрі кодекс) 84-бабына сәйкес жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін айрықша жағдайларда, меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының келісімімен мүліктің тең құны өтелген кезде не сот шешімі бойынша мәжбүрлеп иеліктен шығарылуы мүмкін.

Аталған заң нормасы, негізделген, яғни, соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше



**Қуанышбек САПАР,
ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы
Сот төрелігі академиясының
магистранты, Шымкент қалалық
тергеу соты сот отырысының
хатшысы**

жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүлктен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайды шешу тек кешенді тәсілмен, жалпы мемлекеттік, жалпыұлттық мүдделер тұрғысынан ғана мүмкін болады. Бұл ретте, жер учаске-

лері мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға жататын адамдардың мүдделеріне қысым жасалмауға тиіс.

Сот практикасының біркелкілігі сот жүйесіне деген сенімді қамтамасыз етудегі маңызды мәселе болып табылады. Соттардың заңдарды біркелкі қолдануы елде бірыңғай әрі тұрақты құқықтық режимді сақтауға, құқықтарды және заңмен қорғалатын мүдделерді тиімді қорғауды қамтамасыз етуге, қабылданатын сот актілерінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Кодекстің 81-бабына сәйкес, меншік иесінен жер учаскесін және жер пайдаланушыдан жер пайдалану құқығын олардың келісімінсіз алып қоюға: меншік иесінің немесе жер пайдаланушының міндеттемелері бойынша жер учаскесінен немесе жер пайдалану құқығынан өндіріп алу жүргізілген; жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған; кодекстің 92 және 93-баптарында көзделген жағдайларда, мақсатына сай пайдаланылмай отырған немесе Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып пайдаланылып жүрген жер учаскесі меншік иесінен немесе жер пайдаланушыдан мәжбүрлеп алып қойылған; радиоактивті ластануға ұшыраған жер учаскесі оның меншік иесінен немесе жер пайдаланушыдан, құны тең жер учаскесі беріле отырып, мәжбүрлеп иеліктен шығарылған; тәркіленген; Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасына сәйкес жер учаскесі мемлекет кірісіне айналдырылған реттен басқа жағдайларда жол берілмейді.

Жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын тұлғалардың құқықтарын қорғау сот тәртібімен жүзеге асырылады. Жоғарыда аталған кодекстің 88-бабына сәйкес егер меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы қаулымен келіспесе не жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт талаптары бойынша онымен келісімге қол жеткізілмесе, жергілікті атқарушы орган жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы.

Жер учаскесінің меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жер учаскесін

мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарламаны алған сәттен бастап үш ай өткен соң, бірақ, жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы қаулыда көрсетілген мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жүзеге асыру мерзімінен (күнінен) кешіктірілмей жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы талап қою келтірілуі мүмкін.

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы талап қою бойынша азаматтық істер істі сотта қарауға дайындау аяқталған күннен бастап бір ай мерзімде қаралады және шешіледі. Соттар осындай дауларды қарау кезінде жер учаскесінің нарықтық құнын айқындау үшін құрылыс-тауартану сараптамасын тағайындайды. Сот практикасынан соттардың жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп алып қою туралы талап қоюларды қарап, шешім қабылдауда меншік иелеріне төленетін өтемақы мөлшерін анықтау үшін тағайындалған сараптама қорытындысын негізге алатынын байқауға болады.

Аталған санаттағы істердің барлығы дерлік, меншік иелерінің жергілікті атқарушы органымен ұсынылған мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын мүліктің құнын бағалау нәтижелерімен келіспеуі салдарынан сотта қаралуда. Өз кезегінде, бұл жағдай тараптардың қаншама уақыт жұмсауына, сот жүктемесінің ұлғаюына өз әсерін тигізеді. Демек, бұл сотқа дейін жергілікті атқарушының бастамасымен жүзеге асатын мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын мүліктің құнын бағалау талаптарын біріздендіруді талап етеді.

Заң талаптарына сәйкес жермен тығыз байланысты даулар айрықша санаттағы істер қатарына жатады және соттарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Соның ішінде жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қою процедурасы күрделі және әлеуметтік жағдайға тікелей байланысты. Сондықтан, аталған санаттағы дауларды қарауда мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға жататын жылжымайтын мүліктің нарықтық бағасын анықтауда материалдық және процестік құқық нормалары қатаң сақталып, меншік иелерінің конституциялық құқықтарының сақталуы жергілікті соттардың назарында болуы тиіс.

БАЛАНЫ БАҒУ АТА-АНАНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Балатәрбиесіне, оны бағып-қағуға заң алдында да, ар алдында да ата-ананың екеуі бірдей жауапты. Десекте, елімізде осы жауапкершілік жүгін көтеруден қашатындар азаймай отыр, әсіресе, мұндай келеңсіздік ерлер тарапынан көптеп байқалады. Өкініштісі, әкелердің көбісі шынайы табысын жасыруға тырысады. Соның салдарынан дүние-мүліктерін туған-туыстарының атына тіркейді. Бұл өз кезегінде алимент өндіруде қиындық тудырады.



**Шолпан РАБАЕВА,
Ақтөбе облысы жеке
сот орындаушыларының Өңірлік
палатасының жеке
сот орындаушысы**

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекске сай, өз әке-шешесінен көмек алу мүмкін емес кезде, кәмелетке толмаған бала материалдық жағдайы жақсы ата-әжесінен сот тәртібімен алимент өндіруге құқылы. Мұндай құқыққа еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж кәмелетке толған немерелер де ие.

Алимент төлеу міндетінен ата-ана қашып құтыла алмайды. Себебі, олар өмірге әкелген балаларын асырауға міндетті. Борышкер жұмыссыз болса да, сондай-ақ, оның атына ешқандай мүлік тіркелмесе де алимент жинала береді. Алиментке қатысты сот актісін орындамайтындарға әкімшілік

және қылмыстық жауаптылықтар көзделген. Мысалы, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте бес айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл салу немесе бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алу жазасы бар. Ал, Қылмыстық кодексте қарызы алты айдан асып кеткендерге қылмыстық іс қозғау мүмкіндігі қарастырылған. Заңға мойынұсынбайтындарды 139-бап (ҚК) бойынша алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, екі жылға дей-



лабына орай, олар еңбекке жарамсыз мұқтаж әке-шешесін бағуға міндетті. Бала бұл міндетін ерікті түрде орындамаса, ата-ананың сот арқылы алимент талап етуге құқы бар. Ескерерлігі, ата-ана құқығынан айырылғандар бұл құқықты пайдалана алмайды.

Бүгінде баланы бағып-қағуға арналған алиментті өндіруге қатысты актілер көп. Алиментке өтінішті неке бұзғаннан кейін ғана беру шарт емес. Өйткені, елімізде некеде болғанымен бөлек тұратын ерлі-зайыптылар да бар. Отбасынан бөлек кеткендер көп

ін бас бостандығынан айыру немесе шектеу жазалары көзделген.

Тағы бір айтып өтерлігі, баланы асырау заңмен бекітілген міндет болғандықтан, ерлі-зайыптының заңды немесе азаматтық некеде тұруы шарт емес. Ең бастысы олар өздерінің заңмен бекітілген міндеттерін орындаулары керек. Соның баса айтарлығы, баласының ертеңі үшін алаңдау. Бауыр еті баласы кәмелеттік жасқа толғанша оның киімі, тамағы, т.б. қажеттіліктерін қамтамасыз ету өздерінің мойнында екенін ата-аналар түсінулері тиіс.

Қамқорлықта, қорғаншылықта немесе патронаттық тәрбиедегі, сонымен бірге асырап алынған балалар, бұлардың барлығы алимент ала алады. Алимент баланы асырауға, білімі мен тәрбиесіне жұмсалады. Егер ата-аналар өзара келіспесе, төлем тәртібі мен мөлшері сотта анықталады. Мұндай кезде ата-аналардың материалдық жағдайы, т.б. ескеріледі.

Сонымен қатар, алимент төлеу жауапкершілігі кәмелеттік жасқа жеткен еңбекке жарамды балаларға да белгіленген. Заң та-

жағдайда өздерінің заңды некеде тұрғандарын алға тартады. Осы себепті, ұл-қызын жалғыз өзі өсіріп жатқандарға алиментке өтініш беруде заңды неке кедергі болмайды. Ажырасу процесі ұзаққа созылуы мүмкін, ал алимент өндіруді бірден бастауға болады. Бір бала үшін табыстың немесе өзге де кірістің төрттен бірі, ал, екі балаға үштен бір, үш және одан да көп балаға тең жартысы беріледі.

Жұмыс барысында көп кездесетіні борышкерлерде тұрақты тіркеу жоқ. Мекенжайлары белгісіз, іздеп жүріп тапқанның өзінде табыссыз болады. Негізінен баланың нәпақасы борышкер жалақысы берілген үш күннің ішінде аударылуы шарт. Алимент төлеуден қашатындар ұл-қызының ержетіп, өзінің қартаятынын естен шығармаулары керек. Сондай-ақ, бала алдындағы материалдық борыштан бөлек, ата-аналық борыш та бар. Осы себепті, ерлі-зайыптылар ажырасқанда балаларының болашағы үшін алимент төлеу туралы келісім жасасып, соған сай міндеттерін атқарғандары абзал.

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ БЕҮ-ЖАҮ ҚАРАМАҮЫҚ

Бүгінгі таңда бүкіл әлемді елеңдетіп, қоғам дертіне айналып отырған жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсауы – дүниежүзінде ең өзекті мәселелер қатарында. Мамандар пікірінше, дүниежүзінде әрбір 20 секунд сайын бір адам өзіне-өзі қол жұмсайды екен. Ойлап кетсең, қорқыныш тудырып, жасөспірімдер үшін алаңдатып қойған осы бір психологиялық күйге адам қалай барады және жас өмірін қия салуға не итермелейді? Келтіріліп отырған дерек көздерінде осы сандарды жыл сайын, ай сайын, тіпті, апта мен күн сайын бірнеше адам жалғап отыратындығы белгілі болған. Соның ішінде, қазіргі таңда бұл дерттің жасөспірімдер арасында кең етек жайғаны кез келгенді алаңдатады. Оған жасөспірімдік «өтпелі» шақта кездесетін қиындықтарды көтере алмау, айналасындағылармен тіл табыса алмау, бала психологиясының толық қалыптаспауы, тағы басқа жағдайлар себеп болуда.

Қазіргі қоғам жастары әлеуметтік желінің құрбандары, олай дейтініміз, ғаламтор арқылы айға сапар шегіп, қиял әлеміне қанат қақтыратын осы бір тылсым күштің қарқыны қатты. Алатаңнан жұмысқа кеткен ата-анасынан жырақта өмір сүріп жатқан жасөспірімді ғаламтор тәрбиелеп, еліктіріп отырғаны жасырын емес. Қызылды-жасылды өмірге қызықтырып, шынтуайтына келгенде ақшадан тарлық көрген бала, болмаса шетелде демалып жүрген қатарластарын көріп,

**Гүлнұр НУКАЕВА,
№172 мектеп гимназияда тарих пәнінің
мұғалімі**



өзінің армандарын жүзеге асыра алмағандығына өкінген бойжеткен, қатарластары сияқты тойып тамақ жеп, түрлене киім киюге мүмкіндігі болмаған бозбаланың ана өмірге асығып тұрары хақ...

Суицид (лат; *suicidare* – өзін өлтіру) – адамның өзіне-өзі қиянат жасап, өз өмірін қиюы. Сонымен қатар, бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының жұртшылыққа жариялап отырған жан түршігерлік мәліметтерінен Қазақстанда жасөспірімдер арасындағы суицид оқиғаларының көбейе түскендігін, өзіне-өзі қол салуға көбінесе олардың заң бұзуы, қылмыстық жауапкершілігі алдында үрейленуі, шыдамсыздығы, төзімсіздігі, қорқақтығы, сабақ үлгерімінің төмендігі, қызығушылық деңгейінің нашарлығы, көңіл кү-

йінің болмауы, тез ашулануы және тәбетінің төмендігі себеп болып отырғаны баршамызға аян.

А.Е. Личко жасөспірімдер арасында кездесетін суицидтердің ең жиі кездесетін себебіне мыналарды жатқызады: 1. Сүйікті адамын жоғалту. 2. Шектен тыс қалжырау жағдайы. 3. Өзіндік қадір-қасиетін осал сезіну. 4. Алкогольді, гипногенді, психотропты дәрілерді және есірткіні пайдалану нәтижесінде пайда болатын жеке бастың қорғаныш тетігінің бұзылуы. 5. Өзін-өзі өлтірген адаммен өзін теңестіру. 6. Әртүрлі сылтаулар бойынша туатын қорғаныш, ызалану мен жабырқаудың әр алуан формалары делінген.

Бұдан түсінетініміз, кей адамдарда анау айтқандай өмірінде қиыншылықтар туындамаса да, басқаның назарын өзіне аударту мақсатында да жасалуы мүмкін. Жоғарыда көрсеткеніміздей, ертемен жұмысқа кетіп, кеш оралатын ата-ананың тарапынан ешқандай жылулық пен мейірімді көре алмай, жеткен жетістіктері болмаса көрген қысымын ешбір жанмен бөлісе алмаған жасөспірім де осындай аяқ асты қадамдарға барып жатады екен.

Ғылымға сенетін болсақ, онда өзіне-өзі қол жұмсаудың үш түрін байқауымызға болады. Бірінші, анық күйзелістік жағдайдан соң, өмірдің мәнін жоғалтып, адам өзін ұзақ уақыт өлімге дайындайды. Екінші, жасырын суицид – адам өзін өлімге арнайы дайындамайды. Тек саналы түрде тәуекелге бел буу күтпеген өлімге алып келеді. Үшінші, басқалардың көзінше ашық түрде өлімге бет бұру. Бір нәрсені дәлелдеу үшін, біреуге ерегісу.

Бала – бауыр етіміз, көзіміздің ағы мен қарасы. Әлпештеп отырған тентегіңнің әп-сәтте өзгеріп, мінез шығарып, тым ашуланшақ болып кеткендігін байқасаңыз бірден маманға жүгініңіз. Бұл ретте, егер мектеп жасындағы оқушы болса, мұғалім-оқушы-ата-ана үштігін құру арқылы жұмысты жандандыру керек. Балаңыз кіммен араласады, ортасы қандай, қайда барып жүр, мектептегі сабақ үлгерімі тиісті деңгейде болып жатыр ма деген сынды сұрақтарға үнемі қызығушылық танытуымыз керек.

Осы орайда, болашақ жас ұрпақтың тәрбиесіне алаңдаушылық танытып, баланың білімді, өнегелі, тәрбиелі ұрпақ болып қалыптасуына мектептің, отбасының, қоғамның үлесі ерекше екенін атап айтқым келеді. Ел болашағы білімді жастардың қолында, оларға қандай тәрбие мен білім берсек мем-

лекетіміздің де болашағы сондай болмақ. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші, жастарымыздың санасына ұлттық құндылықтарымызды дарытып, басына іс түссе оңайы осы екен деп өлімге бару емес, нағыз қайсарлықты дарытуымыз қажет.

Тарих беттерінен түрлі мысалдар келтіру арқылы, рухани жан дүниесін жігерлендіруді қолға алсақ, талай батырларымыз бен нар тұлғалы хас шеберлеріміздің өліспей-беріспеген мықтылығын алға тартып, құлақтарына құюды ұсынатын едім.

Сонымен қатар, егер жасөспірім ең алдымен – өмірге қалыптасқан оң көзқарасы, өмірдегі ұстанымы, тұлғалық сипаты және мінез-құлық ерекшелігі, сонымен қатар өзіне-өзі қол жұмсауға қарсы тұратын ішкі сезімдері жоғары болса, осы бір психикалық дегбірсіздіктен құтыла алады екен. Мысалы: өзіне, өте жақын туыстары мен жақындарына деген айрықша құрмет сезімі; жауапкершілікті сезінген жағдайда; денсаулығына асқан мұқияттылықпен қарау; қоғамдық пікірмен есептесу және араласатын ортасының өз-өзіне қол жұмсауды дұрыс емес нәрсе деп қабылдайтындығын түсінуі; өмірдегі мүмкіндіктерді толыққанды игермегендігі мен болашаққа деген зор сенімі; өмірлік, шығармашылық, рухани жоспарларының болуы; тәлім-тәрбиелік ойларды құп көруі; Мінез-құлықтың тұрақтылығы, ортаға тез бейімделуі; Арман, мақсаттарының айқын болуы; өмірге деген құштарлығының жоғары болуы; діни сенімінің деңгейі және өз-өзіне қол жұмсау күнәсінен қорқуы; жарқын болашаққа сенуі және қолдаудың бар екендігін сезінуі.

Осы көрсетілген ерекшеліктер жасөспірімнің бойынан табылған кезде ол өз-өзіне қол саламын деген ойдан аулақ болады. Қорыта келгенде айтарым, біз жас ұрпаққа білімді бермес бұрын, тәрбиеге шақырамыз. Дұрыс жүріс-тұрысын қалыптастырып, бойынан тазалық пен тәрбиенің лебі есіп тұрғанын армандаймыз. Болашақтарының жарқын болуын тілеп, қай кезде де қолдау көрсетіп отыруға ұмтыламыз. Өмірдің ағысы қатты, адымы кең. Ілесіп жүру біреуге оңай болғанымен, біреуге тым қиын. Сондықтан, шамамыз келгенше бір-бірімізге, әсіресе, жасөспірімдерге қиналған сәттерінде қолдауымызды аямай, мейірім мен махаббатымызды төге алсақ, нұр үстіне нұр болатын еді...

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

СФЕРА АРХИТЕКТУРЫ И ГРАДОСТРОИТЕЛЬСТВА

Одной из категорий споров, рассматриваемых административными судами, являются дела об оспаривании административных актов (действий/бездействий), выносимых в сфере архитектурной, строительной и градостроительной деятельности.

В отличие от гражданского судопроизводства, предметом правового регулирования Административного процессуального кодекса РК является деятельность органов власти, связанная с принятием, отменой, изменением, исполнением юридически властного решения, направленного на установление, возникновение, изменение или отмену прав и обязанностей конкретных лиц. В рассматриваемой сфере публично-правовых отношений права граждан и юридических лиц реализуются в административной процедуре с уполномоченным органом, которому законом отнесено право на разрешение, в том числе следующих вопросов – выдачу архитектурно-планировочных заданий (АПЗ), согласование эскизных проектов, принятие к учету актов ввода в эксплуатацию построенных объектов и т.п. Кроме того, предметом таких споров могут являться предписания Управления государственного архитектурно-строительного контроля.



**Инна ДЕМИДОВА,
судья Специализированного
межрайонного административного
суда Карагандинской области**

Отношения в данной области регулируются Законом РК «Об архитектурной, строительной и градостроительной деятельности», поднормативными правовыми актами (правила, стандарты) и АППК. Государственный орган обязан руковод-

ствоваться при рассмотрении обращения гражданина и юридических лиц принципами, требованиями и положениями указанных законов.

Вместе с тем, если исходить из числа подаваемых исков, можно сделать вывод, что в своей деятельности государственные органы, в компетенцию которых входит принятие решений в области архитектурной, строительной и градостроительной деятельности, достаточно часто допускают нарушения. В связи с чем, физические и юридические лица вынуждены обращаться в суд за защитой своих прав и законных интересов.

Одним из оснований удовлетворения исковых требований является то, что отказ в удовлетворении обращения надлежащим образом не мотивирован. Ст. 79 АПК установлено, что административный акт должен быть законным и обоснованным, ясным для понимания, обеспечивать единообразное применение, исчерпывающе определять круг лиц, на которых распространяется его действие. Таким образом, в решении должны быть подробно приведены и фактические (с учетом обстоятельств дела), и правовые основания к отказу. Формальная «отписка», как часто в своих исках называют истцы ответ адморгана, является нарушением, влекущим отмену данного обременяющего акта, стороны направляются на повторную административную процедуру. С учетом сроков рассмотрения дела и обжалования в вышестоящие судебные инстанции, нарушение прав частных лиц адморганам, видится и в том, что длительное время в возбужденной административной процедуре не находит своего разрешения требуемый вопрос.

Суд наделен АПК активной ролью при рассмотрении административного дела и правом на высказывание в предварительном слушании своего предварительного правового мнения по фактическим и правовым сторонам дела. Зачастую такое мнение приводит к заключению медиативно-

го соглашения, соглашения о примирении либо к самостоятельной отмене ответчиком оспариваемого акта.

Однако в ряде случаев истцы втянуты в череду судебных разбирательств, так как государственные органы мало того, что не исправляют нарушения, а допускают новые. Хочется привести соответствующий пример. Так, гражданским судом было признано незаконным строительство пятиподъездного таунхауса, на застройщика (ТОО) была возложена обязанность прекратить строительство. Участником данного судебного процесса в качестве третьего лица являлся отдел архитектуры города Караганды. Суд установил факт несоблюдения предусмотренных строительными нормами и правилами расстояний между границами смежных участков и строений. Вместе с тем, ТОО в целях уклонения от исполнения данного судебного акта, обратилось в отдел архитектуры города Караганды за формальным (по документам) разделением пятиподъездного таунхауса на пять отдельных объектов недвижимости с присвоением в последующем новых адресов и индентификационных характеристик. При этом, незаконное строительство было продолжено. И, несмотря на то, что отдел архитектуры участвовал в судебном разбирательстве, знал о содержании правовых выводов суда, в нарушение принципа обязательности судебных актов выдал ТОО адмакты на фактически незаконный объект строительства. Как следствие, в административный суд поступили иски о признании решений отдела архитектуры незаконными и их отмене. Данный пример указывает на системные нарушения, допускаемые административными органами в некоторых случаях.

После создания административной юстиции с присущим ей правовым институтом контроля за исполнением судебных актов, граждане и юридические лица приобрели возможность более эффективно реализовывать свое право на судебную защиту.

АЛАЯҚТЫҚ, АРТЫП БАРАДЫ

Соңғы жылдары елімізде алаяқтыққа қатысты қылмыстар күрт өршіп кетті. Әсіресе, галамтор алаяқтары бас бермей барады. Қарапайым халықтың атынан несие рәсімдеп, қарызға батырып, онлайн сауданы желеулетіп тақырға отырғызуда. Алаяқтық әрекеттері түрленіп, ізін жасырып үлгеруде. Мұндай жағдайда құқық қорғау орындарына қылмысты дер кезінде ашып, алаяқтарды құрықтау оңайға түспей тұр. Сондықтан, осы мәселе Мемлекет басшысының да назарын аудартып отыр.



**Әлібек ӘБДІХАЕВ,
Талдықорған қалалық сотының
судьясы**

Соның айғағы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жолдауында алаяқтыққа, соның ішінде қаржы пирамидалары мен интернет алаяқтығына қатысты құқық қорғау органдарына кешенді әрі нақты шараларды әзірлеуді тапсырған болатын. Осындай қадағалау нәтижесінде елімізде алаяқтықтың алдын алу бағытында жұмыстар кешенді түрде жүргізіліп жатыр. Атап айта кетсек, алаяқтыққа – Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабында көзделген қылмыстық жауаптылық алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы бөтеннің мүлкін ұрлау немесе бөтеннің мүлкіне құқықтарды иемдену әрекеттері жатады. Дегенмен, технологияның тілін мықты

меңгерген әккілердің құрығы ұзарып, алдап-арбау әдіс-тәсілдері күн санап мың құбылуда. Сондықтан, алаяқтықпен күрес жүргізіп жатқан мамандардың ұдайы біліктіліктерін жетілдіріп, оның алдын алып үлгеруге тырысу қажеттілігі сезіліп отыр.

Қазақстанда бұл қылмыс түрінің ең көп таралған тәсілдерінің бірі – интернеттегі түрлі хабарландырулар бойынша тауар немесе қызмет үшін алдын ала төлем алу. Бүгінде интернет алаяқтардың жартысы дәл осындай жолмен жасалған. Екіншісі – микрокредиттік ұйымдардың сайттары арқылы онлайн қарыз рәсімдеу көп кездесуде. Мәселен, соңғы уақытта өздерін банк қызметкерлері ретінде таныстырып, ауыстырмалы нөмірден қоңырау шалатын алаяқтар көбейді. Әдетте олар өздерін екінші деңгейлі банктің қауіпсіздік қызметіненмін деп таныстырады.

Сенімге кірудің тың тәсілін жақсы меңгеріп алған олар азаматтардың есепшотын біреулердің бұзып кірмек болғанын айтып, қауіпсіздік үшін шоттағы қаржыны басқа банк шотына аударуға кеңес береді. Тек қажетті кодын айтсаң болғаны. Осылайша, талай азамат үйінен шықпай-ақ тоналып, бүкіл қаржысынан айырылып қалып жатыр. Сондықтан, қазір құқық қорғау мамандары азаматтарға күдікті қоңырау мен хабарламалар алғанда бірден банкке хабарласуға кеңес беруде.

Егер сізге белгісіз біреулер хабарласып, қандай да бір банктің атын атап банк карточкасы жайлы ақпарат немесе басқа да жеке мәліметтерді сұраса, ең алдымен сол банктің сенім телефондарына қоңырау шалып, ақпараттың рас-өтірігін анықтап алған артықтық етпейді. Сондай-ақ, алаяқ ойланып алуға уақыт бермей барынша сізді тығырыққа тірейтінін ескергеніңіз жөн.

Құқық қорғау орындары өз тарапынан барынша алаяқтықтың алдын алу бағытында көптеген жұмыстар атқарып жатыр. Дегенмен, тұрғындардың да өз деректеріне барынша сақ болғаны жөн. Айта кетсек, өткен жылы ауыспалы нөмірлерден шалынған 37 миллион қоңырау бұғатталды, заңға қайшы контенті бар 16 мың сайт анықталып, жолы кесілген. Дегенмен, алаяқтар үнемі өздерінің әрекетін ауыстырып отырады, мұны ескерсек, ең алдымен халықтың сақтық әрекеттерін күшейтуі маңызды екені аңғарылады.

Осыған орай, Әділет министрлігі бейтаныс азаматтарға немесе телефон шалған бөтен тұлғалар мен интернет-ресурстарға дербес деректері туралы оның ішінде жеке куәлік деректері, ЖСН нөмірі, банк карточкаларының мәліметі, мекенжайы туралы мәлімет бермеу керектігін ескертеді.

Интернет алаяқтардан сақ болудың қарапайым қауіпсіздік шаралары: дербес деректерді, пластикалық карталардың мәліметтерін, кодтарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламауға, белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбеуге, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асырмауға, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпауға, кез келген сілтеме бойынша өтпеуге, спам хабарламаларға сенбеу. Осы талаптарды сақтау арқылы әр адам алаяқтардан өзін қорғап жүре алады.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ЕСІРТКІ САТУШЫЛАР ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНАДЫ

Есірткі жақсылық әкелмейтінін жақсы білеміз. Адамдар басында есірткі қабылдауды қызығушылықпен бастап, кейіннен тәуелді болып қалады. Ал тәуелділіктің арты қайда апаратыны баршамызға мәлім.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» заңы есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық негіздерін реттейді. Сонымен бірге, наркологиялық жәрдем көрсету мен азаматтардың денсаулығын, қоғамдық және мемлекет қауіпсіздігін қорғау мақсатында олардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл шараларын белгілейді.



Осы заңның 22-бабы 2-тармағына сай, Қазақстан аумағында есірткілік дәрілік заттар дайындау мақсатында апиын көкнәрін, кокаин бұтасы мен каннабис (сора) өсіруге және жинауға тыйым салынады. Ал 24-бапта есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды насихаттауға, оларды әзірлеу, дайындау және пайдалану тәсілдері, әдістері туралы, есірткі, психотроптық заттар мен сол тектестердің жекелеген түрлерін пайдаланудың артықшылығы мен пайдасы туралы кез келген мәліметті таратуға немесе осы мақ-

сатта өзге де әрекет жасауға тыйым салынады. Осы бапта белгіленген нормаларды бұзу Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (әрі қарай – ӘҚБтК) 422-бабы бойынша:

1. Ойын-сауық мекемесі, сондай-ақ, білім беру ұйымы иесінің есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өткізудің немесе медициналық емес тұрғыдан тұтынудың жолын кесуге шаралар қолданбауы – шағын кәсіпкерлік субъектілеріне

немесе коммерциялық емес ұйымдарға бір жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жазаны бір жыл ішінде қайталаған шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Ал Қылмыстық кодекстің (әрі қарай – ҚК) 300-бабы бойынша:

1. Өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді егу немесе өсіру немесе сораның, көкнәрдің немесе құрамында есірткі заттар бар басқа да өсімдіктердің сұрыптарын егіп-өсіргендер екі мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмысына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ал адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен бірнеше рет ірі мөлшерде жасалған дәл осы іс-әрекеттер үшін үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Қылмыстық кодекстің 296-бабында есірткі, психотроптық заттар мен сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз тұтынғандарға да жаза бар. Айталық, қоғамдық орындарда есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтынғандарға сексен АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмысына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тарту не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу жазасы қарастырылған. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындап, қайта өңдеп, иемденген, сақтап, тасымалдағандар 160 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмысына не бір жүз алпыс сағатқа дейін-

гі мерзімге қоғамдық жұмысқа тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады. Ал ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындап, қайта өңдеп, сақтап, тасымалдағандарға екі жүз АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмысы не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тарту не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу жазасы белгіленген. Бұдан бөлек, аса ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындаған, сақтап, тасымалдағандарға үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Соның ішінде есірткі сатушыларға жаза қатаң. Өйткені олар – өлім нәрін таратушылар. ҚК-нің 297-бабында көрсетілгендей, есірткі, психотроптық заттар, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындап, саудалағандардың мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген. Тиісінше, есірткіні ірі мөлшерде, бірнеше рет, топ болып, лауазымын пайдаланып өткізіп, сатқандарға жаза өте жоғары. Әсіресе, есірткі заттарын білім беру ұйымдарында не көрінеу кәмелетке толмаған адамдарға өткізгендерге жаза барынша қатал. Мұндай тұлғалар мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы жауаптылықты ескере отырып, зиянды әдеттерден аулақ болып, салауатты Қазақстанның өркендеуіне үлес қосуымыз керек. Ал есірткінің адамның ағзасына тигізер кері әсері әркімге аян, нашақорлық – адамзаттың түбіне жететін дерт. Нашақорлардың арбауына түсіп қалмау қажет. Нашақорлыққа қарсы күресу – әрбір азаматтың міндеті.

Асқар ЗИАДА,
Қорғалжын аудандық сотының
судьясы
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ДОКАЗАТЕЛЬСТВО СЧИТАЕТСЯ ДОСТОВЕРНЫМ

Лицо, право которого нарушено или оспорено, самостоятельно избирает свою позицию, способы и средства защиты своих прав, то есть, сторона, прежде чем, обратиться в суд, должна оценить свои силы, правильно юридически оформить документы и собрать необходимые доказательства в подтверждение своих доводов.

Вместе с тем, законодатель установил, что административное судопроизводство осуществляется на основе активной роли суда.

Суд, не ограничиваясь объяснениями, заявлениями, ходатайствами участников административного процесса, представленными ими доводами, доказательствами и иными материалами административного дела, всесторонне, полно и объективно исследует все фактические обстоятельства, имеющие значение для правильного разрешения административного дела.

Суд по собственной инициативе или мотивированному ходатайству участников процесса собирает дополнительные материалы и доказательства, а также выполняет



**Айгуль АБДУЛЛИНА,
судья СМАС Актыбинской области**

иные действия, направленные на решение задач административного судопроизводства (ст. 16 АПК).

Кроме того, ст. 15 АПК четко регламентировано, что при осуществлении административной процедуры материалы, объекты, документы и сведения, представленные участником административной процедуры, считаются достоверными до тех пор, пока

административный орган, должностное лицо не установят обратное.

Указанное свидетельствует о том, что все предоставленное истцом, является достоверным до тех пор, пока не будет доказано ответчиком обратное, а в силу ст. 129 АПК бремя доказывания несет ответчик, принявший обременительный административный акт.

Например, товарищество обратилось в СМАС Актюбинской области с иском к налоговому органу об оспаривании уведомления по результатам камерального контроля.

Согласно ст. 79 АПК, административный акт должен быть законным и обоснованным.

Принцип законности означает, что административные акты (действия) налогового (административного) органа должны быть законными как по форме, так и по содержанию в силу связанности такого органа с законом в соответствии с Конституцией (ст. 34) и Налоговым кодексом (п. 2 ст. 68 НК), что актуализировано в контексте внедрения административной юстиции.

Административный акт является законным тогда, когда он вынесен с соблюдением норм материального права, подлежащим применению к данному правоотношению,

то есть, такой акт должен быть законным как по своей форме, так и по своему содержанию (ст. ст. 7, 79, 85 АПК).

Удовлетворяя административный иск, суд исходил из того, что уведомление подписано неуполномоченным лицом и не содержит подпись должностного лица ответчика, и не соответствует правилам п. 5 ч. 1 ст. 80 АПК, признав, что административный акт принят с превышением пределов административного усмотрения и нарушением требований закона.

Тем самым, налоговый орган не представил суду доказательств о законности принятого административного акта.

Это новое положение, закрепленное в АПК, является одним из значимых изменений по сравнению с ранее действующим законодательством.

Благодаря данным положениям, удалось защитить права бизнеса и налогоплательщиков, о чем свидетельствует статистика.

Так, по состоянию на 20 декабря 2023 года, процент удовлетворяемости административных дел по налоговым спорам составил 57 процентов от числа принятых решений, восемь дел окончены путем заключения медиативных соглашений.

Оқи отырыңыз

ТӨЛЕ БИДІҢ БАТАСЫ

Тоғыз жасар Жетес тоқсандағы Төле биге сәлем бере барыпты. Сонда Төле би: – Бата басқа, қына тасқа, ақыл жасқа бітеді, не қалайсың, балам? депті. Жетес бала: – О, қасиетті, баба! Ат берсеңіз, өліп қалады, тон берсеңіз, тозып қалады. Ат, тонға бергісіз өлмейтін, өшпейтін, өмірі естен кетпейтін бір өсиет айтсаңыз, соған ризамын, – депті. Онда қолыңды жай, балам, – деген Төле би батасын беріпті:

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол!

Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол!
Бір тонның жағасы болма,
Көп көлдің сағасы бол!
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қарала,
Өзегің талса, өзен бойын жағала,
Басыңа іс түссе, көпшілікті жағала.
Өзіңе өзің кәміл бол.
Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатал бол!
Досыңа адал бол!

В ВИДЕ ДЕНЕЖНОГО ВЗЫСКАНИЯ

В рамках проведения масштабной реформы судебной системы РК, с 1 июля 2021 года введен в действие Административный процедурно-процессуальный кодекс.

Действие Кодекса направлено на регулирование публично-правовых отношений, возникающих между административным органом и лицом, в отношении которого реализуются установленные законом публичные функции этого административного органа.

Одним из новшеств законодательства является мера процессуального принуждения в виде денежного взыскания.

Ст. 127 Административного процедурно-процессуального кодекса РК предусмотрено, что денежное взыскание налагается на физическое, должностное лицо, юридическое лицо либо его представителя в размере от десяти до сотни МРП.

Основаниями для наложения судом такой меры процессуального принуждения являются злоупотребление процессуальными правами, не выполнение своих процессуальных обязанностей, в том числе в случаях представления дока-



**Марияш ЖАМАЛИЕВА,
судья Специализированного
межрайонного административного
суда Костанайской области**

зательств, исполнения поручений с нарушением установленного судом срока без уважительных причин, если это привело к затягиванию рассмотрения административного дела, при чем, как со стороны ответчика, так и истца.

Так, за каждое действие (бездействие)

денежное взыскание предусмотрено в размере десяти МРП.

Денежное взыскание в размере 20 МРП предусмотрено в случаях невыполнения требования, запроса суда, неявки в суд лица, участвующего в административном деле, несвоевременного извещения суда, несвоевременного представления отзыва, неподчинения распоряжениям председательствующего в судебном заседании, нарушения установленных в суде правил, а также иные действия (бездействия), явно свидетельствующие о неуважении к суду и (или) судье.

Денежное взыскание в размере 50 МРП предусмотрено за неисполнение решения суда, определения суда об утверждении соглашения сторон о примирении, медиации или об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры. При этом, суд, разрешая вопрос о наложении денежного взыскания, одновременно предоставляет срок, не превышающий одного месяца, в течение которого судебный акт подлежит исполнению. Кроме того, законодательно предусмотрено наложение этой меры повторно. В таких случаях размер денежного взыскания увеличивается на десять МРП.

Основаниями для повторного применения этой процессуальной меры принуждения является неисполнение судебного акта или требования суда, указанных в ч. 3 и 4 настоящей статьи, а именно злоупотребление процессуальными правами или невыполнение процессуальных обязанностей, в том числе в случаях представления доказательств, исполнения поручений с нарушением установленного судом срока без уважительных причин, если это привело к затягиванию рассмотрения административного дела и вновь за невыполне-

ние требования, запроса суда, неявку в суд лица, участвующего в административном деле, несвоевременное извещение суда, несвоевременное представление отзыва, неподчинение распоряжениям председательствующего в судебном заседании, нарушение установленных в суде правил, а также иные действия (бездействия), явно свидетельствующие о неуважении к суду и (или) судье.

Рассмотрение вопроса о наложении денежного взыскания производится в судебном заседании с предварительным извещением лица, в отношении которого применяется мера принуждения.

О наложении денежного взыскания суд выносит определение, копия которого вручается лицу, на которое налагается денежное взыскание.

Лицо, на которое наложено денежное взыскание, имеет право обратиться в суд с ходатайством об освобождении его от уплаты или уменьшении размера денежного взыскания, которое подлежит рассмотрению в судебном заседании с вызовом заявителя.

Кроме того, законодатель предусмотрел сроки уплаты взыскания в течение пяти рабочих дней со дня вручения определения в доход республиканского бюджета.

Еще одной новеллой является то, что лицо, в отношении которого было применено денежное взыскание, вправе обжаловать его, но только после уплаты суммы меры взыскания.

К примеру, из статистики работы СМАС Костанайской области: за второе полугодие 2021 года денежное взыскание применено в отношении десяти лиц, за 2022 года также наложено денежное взыскание на десять лиц, в 2023 году – на 199 лиц.

МЕДИАЦИЯ – ТАТУЛЫҚ БАСТАУЫ

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, медиация – дауды шешудің ең тиімді әдісі. Бұл тараптардың мәселелерін оңтайлы шешуге ғана емес, сонымен қатар, сот жүйесіндегі жүктемені айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік береді.



Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңының қабылдануымен медиация Қазақстанда жеке іс жүргізу құқығы (дауларды баламалы шешу құқығы) институттарының бірі ретінде өзінің заңды бекітілуін алды. Заңға сәйкес, медиаторлардың негізгі мақсаты – екі тарапқа мәселені өздері шешуге мүмкіндік беріп, бағыттау. Елімізде медиаторлар көмегі әлеуметтік салаларда, әсіресе, отбасы мәселелерінде кеңінен қолданылады. Медиация рәсімінің сот жұмысына берер пайдасы өте көп. Медиацияда міндетті қағидаттардың ішінде еріктілік, медиация тараптарының тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік, құпиялық тәрізді нәрселерге жіті мән берілген.

Азаматтарға мәселені шешу жолын таңдау еркіндігін, адам құқықтарын қорғаудың жаңа мүмкіндігін қолдану, азаматтық

қатынастың заманауи формасын қалыптастыру, мәселерді конструктивті диалог арқылы шешу сияқты зайырлы қоғамға тән мүмкіндіктер берді. Қаржы үнемдеуді былай қойғанда, медиатордың көмегімен мәселені бірнеше сағатта шешуге болады. Бұл – уақыт үнемдеудің де тәсілі. Сонымен келісімге келу арқылы тараптар арасындағы қарым-қатынасты сақтап қалу ықтималдығы жоғары. Көріп отырғанымыздай, медиация институты – азаматтық қоғамды қалыптастырудың, дамуының белгісі. Себебі мәселені сотқа жеткізбей шеше алу – адам құндылықтары мен көзқарасының жаңа деңгейге көтерілгенінің айқын көрінісі.

Үміт АБЛАЕВА,
Маңғыстау облысы кәмелетке
толмағандардың істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының бас маманы

ӘЛЕМГЕ МӘШҮР УНИВЕРСИТЕТ

Еліміздегі ең беделді және тарихы терең оқу орындарының бірі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ашылған күннен бастап өз имиджін сақтап келеді. Оның іргетасы 1934 жылы қаланған, осы жылдар ішінде мемлекетіміздің саяси-құқықтық өмірінің, ғылым-білімінің, экономикасының, т.б. салаларының қалыптасып, дамуында айрықша орны бар. Қаладағы айтулы оқу орны ҚазҰУ қалашығы аталады, орналасқан жері де керемет. Мектеп бітірген әрбір бала осы университетте білім алуды армандайды. Мұның өзіндік себебі де жоқ емес. Соның ең бастысы ҚазҰУ-ді бітірген тұлғаға көп жағдайда жұмысқа тұруда қиындық туындамайды.



**Айнұр УРИСБАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің
заң факультеті Азаматтық құқық
және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасының
аға оқытушысы, з.ғ.м.**

Өйткені, университетте студенттің сапалы білім алуына барлық мүмкіндік қарастырылған. Атап айтар болсақ, қалашықтағы «Әл-Фараби» кітапханасы заман талабына сай цифрлы жүйеде қызмет көрсетеді. Кітапханадағы екі миллионға жуық кітап қоры ізденіп, өмірін ғылымға арнағысы ке-

летін студенттер үшін шамшырақ іспетті. Бұған қоса қалашықта заманауи үлгідегі спорттық кешендер, шығармашылық үйірмелер, компьютер клубтары мен шағын мұражайлар орналасқан. Университетте білімі мен біліктілігін жетілдіруде пайдасы зор әртүрлі шаралар мен ғылыми-практи-

калық конференциялар жиі ұйымдастырылады. Мұндай шаралардың тек студенттерге емес, сонымен қатар, оқытушылар қауымына да берері мол.

Қазақ университеттерінің қара шаңырағы атанған университетте студенттер түрлі мамандық бойынша оқытылады және олар халықаралық деңгейге сай, бәсекеге қабылетті мамандар болып шығады. Сондай-ақ, сабақ студенттердің таңдауына қарай қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде өткізіледі. Әлемдік стандарттарға сай, білім бакалавр, магистратура, PhD докторантура санаттарында беріледі. Қазақстандағы білім беру жүйесінің тірегі 90 жылдық бай тарихы бар ұлттық университетте мемлекетіміздің түкпір-түкпірінен, сондай-ақ, алыс-жақын шет елдерден келіп, оқып жатқан студенттер жетерлік. Мұнда республикамыздағы ең үздік оқытушылар, шетелдік мықты мұғалімдер корпусы жасақталған.

Қазақ Ұлттық университеті Қазақстан мен Орталық Азияда дүние жүзіндегі ең үздік 200 жоғары оқу орнының қатарынан өз орнын ойып тұрып алды. Университет магистранттар мен докторанттардың саны және жарияланған ғылыми мақалалары жағынан өзге оқу орындарынан оқ бойы озық тұр. Мұнда студенттерді әлеуметтік жағынан барынша қолдауға және олардың шетелдерде тағылымдамадан өтіп, білімдерін одан әрі жетілдіруіне ұдайы басымдық беріледі. Университеттің 400-ден астам оқытушысының «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегері болуының өзі беделін одан әрі асқақтатады. Осындағы 40-тан аса профессордың Венгрия, Германия, Моңғолия, Франция, АҚШ, Ресей, Түркия, Өзбекстан сынды шетелдік білім ордаларында дәріс оқуы тек университеттің ғана емес, бүтіндей мемлекеттің беделін арттырады.

2022 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне зерттеу универси-

теті мәртебесі берілді. ҚазҰУ-дың Стамбұл мен Бішкекте филиалдары бар. Осы білім ордасында еліміздің атын әлемге танытқан ғалымдар мен заңгерлер, экономистер, тарихшылар, журналистер, қоғам қайраткерлері тағы басқа айтулы тұлғалар білім алды. Содан болар «ҚазҰУ – қазақ элитасының ұстаханасы» саналады. Бұл теңеудің бекер айтылмағанына қазіргі қазақ элитасына қарап көз жеткізуге болады. Олай дейтініміз, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуінде ҚазҰУ түлектерінің ерекше қолтаңбасы бар. Тарих беттерінен жоғары басшылық қызметтерде, атап айтқанда, үкімет, сот, құқық қорғау, әділет органдарында, министрліктерде, т.б. айтулы салаларда қызмет еткен ҚазҰУ түлектерін көптеп көруге болады. Әрі сапалы білім нәрімен сусындаған ҚазҰУ түлектерінің барлық жерде өресі биік тұратынын өмірдің өзі көрсетуде.

Университеттегі заң факультеті жайлы айтсақ, оның тарихы терең. Факультет 1955 жылы Алматы заң институтының негізінде ашылған. Жұмыс істегелі көптеген реформаны басынан өткерген заң факультетінде студенттер құқықтану, құқық қорғау қызметі, кеден ісі мамандықтары бойынша білім алады. Заң факультетінде ашық есік күні дәстүрлі түрде өткізіледі. Мұнда зертханалық сабақтарға арнап жабдықталған криминалдық зерттеу, сот жүргізу бөлмелері мен адвокаттық зерттеу клиникасы бар, бұлар өз кезегінде студенттердің жан-жақты білім алуын қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен бірге олардың сан қырлы болып шығуына ықпалын тигізеді.

Әлемге аты мәшһүр ғұлама бабамыз әл-Фарабидің «Бақытқа жеткізетін еркін әрекет – тамаша әрекет» деген тамаша тәмсілі бар. Адам үшін тамаша әрекеттің бастысы білім-ғылымға деген құштарлық болса керек. Сондықтан, еліміздің әрбір азаматы білімге талпынып, ғылымның дамуына атсалысулары тиіс.

СУДЬЯ ҚАТЕЛІГІ НАҚТЫ КӨРСЕТІЛУІ КЕРЕК

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі жолдауының «Заң және Әл-Әділ» – бесінші бағдарында сот билігіне мынадай талап қойылды: «Қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет. Осыған орай, қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жаңартып жасақтау керек. Қазылар жоғары білікті, адал, сондай-ақ, желқорлықтан таза болуы қажет. Құштік құрылымдар сотқа ықпал етпеуі тиіс. Бұл – өте маңызды. Судьяларға әкімшілік қысым көрсететін амал-тәсілдің бәрі жойылуы керек.

Судьялардың қызметіне араласуды шектей отырып, олардың заң бұзғаны үшін жауапкершілігін арттырамыз. Судьяның өрескел қателік жібергені үшін күші жойылған әрбір сот актісін Қазылар алқасы тексеруі тиіс» деп, сот төрелігін атқару сапасы» бойынша судьяларды бағалау және жауапкершілікке тарту институтын түбегейлі қайта қарауды тапсырған болатын. ҚР Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Конституциялық заңның 39-бабының 3-бөлігіне сәйкес, судьялық қате, сондай-ақ, сот актісінің күшін жою немесе оны өзгерту, егер бұл ретте жоғары тұрған сот сатысының сот актісінде көрсетілген заңды өрескел бұзушылықтарға жол берілмеген болса, судьяның жауаптылығына алып келмейді.

ҚР Конституциялық Сотының 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 36-НП қаулысында: «Заңның өрескел бұзылу фактісі судьяның кінәсін оған қатысты тәртіптік іс қозғалғанға дейін анықтайтын жоғары тұрған соттың сот актісінде көрсетіледі. Мұндай бағалау сот талқылауының шеңберінен шығып, судьяны тиісті құқықтық қорғау құралдарынан, оның ішінде шағымдану құқығынан айырады» делінген. Осыған орай, жоғары тұрған сот актісінде тек қана судьяның заңның өрескел бұзылу фактісінің негізінде сот шешімі бұзылғаны немесе өзгертілгені көрсетілуі тиіс.

Ал, судьяның заңды өрескел бұзылу фактісі жоғары тұрған соттың жеке сот актісінде (жекеше қаулы) судьяның қасақана немесе тиянақсыздығының, салақтығының, заңды жете

білмеуінің нәтижесінде жасалғаны жөнінде судьяның атына шығару арқылы көрсетілуі керек деп санаймын.

Біріншіден, жоғары тұрған соттың жекеше қаулысында аталған істі қарау барысында судьяның қандай заң нормаларын өрескел түрде бұзуының заңды жете білмеуінің нәтижесінде жасалғаны, қасақана немесе тиянақсыздығының, салақтығының нәтижесінде жасалғаны көрсетілуі тиіс. Мұндай жағдайда жоғары тұрған соттың жеке сот актісі, сот талқылауының шеңберінен шықпайды және тараптарға судьяның мәртебесіне қатысты тәртіптік іс қозғалып, әрекетіне тиісті баға берілгенше күмән келтірмеуі керек.

Екіншіден, жоғары тұрған соттың осыған байланысты жекеше қаулысына судья тиісті құқықтық қорғау құралдары ретінде шағымдану құқығы қарастырылуы тиіс.

Осыған орай «Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысында түсінік ретінде көрсетілмей, «ҚР Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі» туралы конституциялық заңда айқындалуы керек және тиісті өзгерістер судьяның атына жекеше қаулы шығару туралы өзгерістер Қазақстанның қылмыстық, азаматтық, әкімшілік процестік кодекстеріне енгізілуі қажет.

Ерлан ОСПАНОВ,
Ұлытау облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Ақпарат және
қоғамдық даму министрлігінде тіркелген
Куәлік №KZ79VPY00081542,
2023 жыл, 9 қараша

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛАДЫ;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ КЕРЕК;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: +7 702 468 0208, +7 708 929 9874

Теруге 10.4.2024 ж. жіберілді. Басуға 20.4.2024 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 4. Таралым 1360.
Журнал айына бір рет жарық көреді.
Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,
Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Жазылу индексі: 75849

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:

8 747 995 6347

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:

+7 708 929 9874

E-mail: zanreklama@mail.ru

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:

8 747 995 6347

Телефоны для рекламы:

+7 708 929 9874

E-mail: zanreklama@mail.ru